



ЕЛІМІЗДЕГІ ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ АХУАЛ ТҰРАҚТЫ

Мемлекет басшысы Денсаулық сақтау министрі Ажар Ғиниятты қабылдады. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа министр еліміздегі эпидемиологиялық ахуал туралы баяндады. Министрдің айтуынша, қаңтардың ортасында коронавирус инфекциясын жұқтырғандар саны тәулігіне 16 500 адам болса, бүгінде шамамен 1 500 адам тіркелген. Жалпы, еліміздегі эпидемиологиялық ахуал тұрақты. Қазір стационарлардың 20 пайызында ғана науқастар ем алып жатыр. Сондай-ақ Ажар Ғиният көптеген шектеу шарасының алынғанын, оқушылардың дәстүрлі оқыту жүйесіне, кәсіпорындардағы жұмысшылардың офлайн жұмыс істеуіне рұқсат берілгенін

атап өтті. Ведомство басшысы ревакциналау жұмыстарына ерекше көңіл бөлініп отырғанын жеткізді.

Министр Президентке денсаулық сақтау саласын жетілдіру жөніндегі жоспарын таныстырды. Оның айтуынша, министрліктің жұмыс жоспары ең алдымен алғашқы медициналық көмекті жетілдіруге, ауыл-аймақтардағы денсаулық сақтау жүйесінің сапасын арттыруға бағытталған. Сонымен қатар биыл Балалар жылы болып жарияланғандықтан, балалардың денсаулығына көп көңіл бөлінеді. Атап айтқанда, мектептегі медицинаның жаңа тәртібі мен стандарты қабылданады.

Мемлекет басшысы министрліктің жұмыс бағытын қолдайтынын айтып, денсаулық сақтау саласын одан әрі дамыту жөніндегі жұмыстарды жалғастыруды тапсырды.



ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫНЫҢ ОРЫНДАЛУЫН БАЯНДАДЫ

Мемлекет басшысы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Қайырбек Өскенбаевты қабылдады. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа министрліктің былтырғы жұмысының қорытындылары мен биылғы атқаратын негізгі міндеттері жайында баяндалды.

Қайырбек Өскенбаев Президентке отандық өңдеу өнеркәсібін дамыта отырып, жаңа жұмыс орындарын ашу жөніндегі тапсырмаларының орындалу барысы туралы айтты. Мемлекет басшысы халықты жұмыспен қамтитын жаңа өндіріс орындарын ашудың маңызды екенін атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа мемлекеттің инфрақұрылымдарын теңдей қолжетімді қылу және отандық

өндірушілерді шикізатпен қамтамасыз ету үшін министрліктің атқарып жатқан жұмыстары туралы мәлімет берілді.

Кездесу қорытындысы бойынша, Президент құрылыс саласын дамыту және оны монополиядан тазарту, инвестиция тарту, жаңа өнеркәсіптік кәсіпорындар ашу, көлік әлеуетін күшейту, Қазақстан аумағы арқылы өтетін транзиттік тасымал көлемін арттыру, сондай-ақ өнеркәсіп, көлік және құрылыс салаларын цифрландыру жөнінде бірқатар тапсырма берді.

«Nur Otan». Жаңғыру жолында

Қаңтардағы қайғылы оқиғалар мемлекеттің барлық саласына ықпал еткені мәлім. Ең алдымен саяси-партиялық жүйені жаңғырту қажет екені көптен бері айтылып келеді. Бірден-бір себеп – билік пен халық арасында алшақтық пайда болды. Егер қос тарап арасында диалог орнағанда, бәлкім «қаңтар қасіреті» болмас па еді?

Не десек те, саяси жүйемен қатар билік партиясы да өзгеруі қажет екені айқындалып келеді. Бұл жөнінде партия Төрағасы, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев та айтты. Алайда жұрт басына билік органдарына жеткізгеннен гөрі әлеуметтік желіге жаза салуды құп көретін уақытта партия қандай функция атқаруы тиіс? Сайлауалды бағдарламаны бақылауды формалды шараға айналдырмаудың жолы қандай? Сонымен, бас партияны қандай өзгерістер күтіп тұр?



ПАРТИЯ. БҮГІН.

Бүгінде «Nur Otan» партиясы – Қазақстанның саяси-партиялық жүйесіндегі қуатты әрі ықпалды күш. Қазіргі деңгейге бір күнде жетпеді. 1999 жылдан бері бірнеше өзгеріс, ассимиляция, модернизацияның нәти-

жесінде бүгінгі тұғырына жетті. Мүше саны, саяси салмағы, филиалдар желісі, Мәжіліс пен мәслихаттардағы өкілдері, Үкімет құрамын жасақтау мүмкіндігі бойынша өзге партиялардан оқ бойы озық тұр. Билік партиясына бүгінде 800 мыңдай адам мүше,

4,5 мың бастауыш партия ұйымы тіркелген, аймақтарда 216 филиал мен 238 қабылдау бөлмесі жұмыс істейді. Мәжілісте 76 депутат, жергілікті мәслихаттарда 2 701 депутат «Nur Otan» атынан өкілдік етеді.

4»

Төрт күнде тірлік тына ма?

Испания, Исландия, Финляндия мен Біріккен Араб Әмірліктері қысқартылған жұмыс аптасына көшті. Жақында бұл тізімге Бельгия да қосылды. Зерттеу нәтижелері бойынша, мұндай өзгерістен қызметкерлердің жұмыс сапасы артпаса, кемімеген. Осылайша, адам капиталын бірінші орынға қоятын Еуропа елдерінің тәжірибесі көп жұмыс істеуден гөрі тиімді еңбек етудің жөн екенін көрсетті. Төрт күнді жұмыстың тиімділігі қандай? Қазақстан қысқартылған жұмыс аптасына өтуі мүмкін бе?

6»



КИНО КӨШІ БАСТАЛДЫ

Талқылаулар нәтиже бере ме?



Мәжілісте «Кинематография туралы» заңды талқылау басталды. Талқылауға киноға жауапты мамандар мен сарапшылар топтасқан. Заң жобасы биыл қабылдануы тиіс. Тәуелсіз сарапшылар мен депутаттардан құралған жұмыс тобы қандай талқылаулар өткізіп жатыр? Заңға қандай өзгерістер мен түзетулер енгізіледі?

Естеріңізде болса, былтыр Мәдениет министрлігі бұл мәселеге орай заң жобасына түзетулер сөздердің орфографиялық нормалары мен тәртібінің сақталуын, олардың дұрыс құрастырылуы мен айтылуын қамтамасыз ету үшін тиісті нормалар қабылданды деген еді.

«Қазір мүдделі органдар, қоғамдық ұйымдар өкілдерінен және кинематография қайраткерлерінен жасақталған жұмыс тобы құрылды. Бүгінде жұмыс тобы 10-нан астам отырыс өткізді.


6»

ТАБЫС ДЕКЛАРАЦИЯСЫ: туысқандар қалай түгенделеді?

Қорадағы мал мен жалғыз тауық, қарызға алынған теледидар табыс көзі есептелетін елімізде жалпыхалықтық табыс декларациясын тапсыру жылдан-жылға кешеуілдеп келеді. Жүйе дайын болғанымен, жалпыға бірдей декларацияны кезең-кезеңімен жүргізуді ұсынғандар ай сайын алатын табыс көздерін түсіндіруге өздері дайын болмай шықты. Бұл жемқорлықты жүгендеуге арналған науқанның өтпеуін қалайтын мүдделі топтардың барын көрсетпей ме?

Жаппай табыс декларациясын тапсыруды талқылап жатқанымызға 22 жыл, жоспарға енгізгенімізге де бақандай 11 жыл болыпты. Мамандарды 2000 жылдың басында өзгелердің тапқан табыстары жөнінде есеп беруін қалай жүзеге асырып жатқанын зерделеу үшін шетелге де сабылтық.

5»





«Қасіретті қаңтарда» 9 балаға оқ тиген

Қаңтар оқиғалары кезінде оқ тигендіктен, 7 бала жараланып, 2 бала қаза тапқан. Бұл жөнінде Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің төрағасы Бауыржан Байсеркин айтты.

Оның сөзіне қарағанда, төтенше жағдай кезінде медициналық ұйымдарға 2 740 адам жүгінген. Бәрі зардап шегушілер екен.

«Олардың ішінде 1 843 адам амбулаторлық көмек алып, 897 адам ауруханаға жатқызылды. Оның ішінде 188 адам реанимациялық бөлімшеде болды. Бүгінде 891 пациент жазылып шықты», — деді Бауыржан Байсеркин Орталық коммуникациялар қызметіндегі баспасөз мәслихатында. ДСМ өкілі медициналық ұйымдарға жеткізілген 177 адамның өмірден озғанын айтты. «Қазір 6 адам, Алматы мен Қызылордада 3 адамнан стационарларда ем алып жатыр. Олардың бірінің жағдайы ауыр, оқ тиген. Емделіп жатыр. Еліміздің үш өңірінде көмелетке толмаған балалар зардап шекті. Алматыда екі балаға оқ тиіп, қаза тапты. 7 бала түрлі оқ жаракатымен аурухана түсті. Олардың 4-еуі — Алматыда, екеуі — Алматы облысында және біреуі — Жамбыл облысында. Сонымен қатар Алматы облысында бір жүкті әйел шашылған газдан зардап шекті», — деді Бауыржан Байсеркин.

Мыңға жуық қару тәркіленді

Қаңтардың басындағы дүрбелең кезінде қолды болған қару-жарақ әлі толық табылып, тәркіленген жоқ. Дегенмен қолындағы қаруды өз еркімен тапсырған азаматтар да бар. Жалпы, күні бүгінге дейін қолды болған 967 дана қару табылды.

ІІМ Тергеу департаментінің бастығы Санжар Әділов арнайы брифингте ұрланған қаруларды іздестіру шаралары жалғасып жатқанын айтты. Оның сөзіне қарағанда, 967 қару мен 19 мыңнан астам оқ-дәрі табылып, тәркіленіпті. Тіпті, кейбір азаматтар бір емес, бірнеше қаруды ұрлап кеткені белгілі болды.

«Мысалы, Талдықорғанда 5 қаңтарда жаппай тәртіпсіздіктерге белсенді қатысқан, қалалық Полиция басқармасының ғимаратынан 7 Макаров тапаншасы мен 1 Калашников автоматын ұрлаған осы қаланың үш тұрғыны ұсталды. Ұрланған қару тәркіленді. Күдікті адамдар сот санкциясымен қамауға алынды. Жамбыл облысында Тараз қаласының тұрғыны ұсталды. Оның га-

ражында 4 автомат, 8 жаракаттайтын тапанша, 1 газды тапанша, олардың оқсалғыштары, 945 бірлік оқ-дәрі және суық қару табылып алынды», — деді С.Әділов.

Оның айтуына қарағанда, тауып алған қаруларды ерікті түрде тапсырған азаматтар әкімшілік те, қылмыстық та жауапкершілікке тартылмайды екен. Сондықтан полиция офицері азаматтарды қаруды ерікті түрде тапсыруға шақырды. Бірақ ұрланған мүлкі іздестіру жалғаса бермек. Қазірдің өзінде біршама мүлік табылыпты. Атап айтқанда, жедел із кесу мен тергеудің нәтижесінде азаматтар мен бизнес субъектілерінің жалпы сомасы 110 млн теңгеге бағаланып ұрланған мүлкі, оның ішінде 10 автомашина, 301 дана тұрмыстық техника, 188 дана зергерлік



сотталған адамдар болып шықты. Соның ішінде кісі өлтіру, зорлау, қарақшылық үшін сотталғандар басым. Ал 8-і ұрлық, тонау сияқты қылмыстар үшін республикалық іздестіруде болыпты.

А. СҰЛТАН

Бүлікке шақырғандар ісі тергеліп жатыр

Прокуратура «қаңтар оқиғасы» кезінде тәртіпсіздікке шақырған Telegram арнасының авторы мен оның 20 қолданушысын жазаға тартты. Бұл туралы брифингте Жамбыл облысы прокурорының орынбасары Нұрбек Ұласбекұлы хабарлады.

«4 қаңтарда Алматыда «Оян Тараз» Telegram арнасын ашып, бір-екі сағаттың ішінде төрт мыңға жуық қатысушының басын біріктірген біздің облыстың тумасы «Б» тұтқындалды. Чатка белсенді түрде қонырау шалған 20 қатысушы анықталды. Олар халықты құқық қорғау органдарына бағынбауға шақырып, қозғалыс жолдарын көрсету, басқа өңірлердегі қарулы қатығыстар мен тонау фактілерін ұйымдастыру, Молотов коктейльдерін жасауды және баррикадаларды кезең-кезеңімен орнатудың схемаларын таратқан. Экстремистік бейнероликтер жарияланды. Бұл істен тыйым салынған ДВК Көше қозғалысының әрекеттерін байқауға болады», — деді Н.Ұласбекұлы.

Оның айтуынша, жаппай тәртіпсіздіктерді ұйымдастырып және оған қатысқаны, лаңкестік әрекеттер жасағаны үшін 78 күдікті ұсталды. Сот санкциясымен 76 адам қамауға алынды, екеуі



үйімаққа алынды. Ұсталғандардың арасында облыстың 6 ауданы мен Алматы қаласының тұрғындары бар. Ұласбекұлы ата-анасының кепілдігімен 11 адам, оның ішінде бес көмелетке толмаған бала қамаудан босатылғанын атап өтті.

«Адамдарды жинауға белсенді арандатушылық шақырғаны үшін 5 қаңтарға қараған түні облыс әкімдігіне мыңнан астам адамды өкелген қала тұрғыны «А» ұсталды. Дәл осы топ ғимараты бірнеше рет басып алмақ болған. Олар Төле би көшесінің бойындағы полицияның қызмет-

тік көліктері мен жеке көліктерін тоқтатып, қиратып, өртеп жіберді», — деді Ұласбекұлы.

Прокурордың орынбасары ұсталғандардың әлеуметтік портретін атады. Оның айтуынша, 12 адам немесе әрбір бесінші ұсталған адам бұрын сотты болған және қылмыстық жауапкершілікке тартылған, оның ішінде ауыр және аса ауыр қылмыстар — кісі өлтіру, зорлау және тағы басқалары бар.

«Ұйымдастырушылардың арасында облыс әкімдігі мен «Нұр Отан» партиясының ғимараттарына шабуыл жасау кезінде дыбыс шығаратын жарылғыштарды пайдаланып, жан-жақты нұсқау берген облыстың ірі кәсіпкері де болды. Үйлестірушілер жастарды шағынаудандарға жинап, бәс тіккен», — деп түсіндірді Нұрбек Ұласбекұлы.

Оның айтуынша, қылмыскерлер 840 қаруды ұрлаған. Тек 237 бірлік табылды. ҰҚК ғимаратына қарулы шабуыл кезінде қылмыскерлерге тойтарыс берілді, бір қызметкер қаза тапты. Тәртіпсіздік кезінде барлығы 277 тәртіп сақшысы зардап шекті, екеуі қаза тапты, кейбірі ауыр жаракат алды.

Рая МИНАП

ПІКІР

ПРЕЗИДЕНТ КӨКЕЙДЕГІНІ АЙТТЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан телеарнасына берген сұхбатын қоғам өкілдері жылы қабылдап, жан-жақты талқылап жатыр. Сұхбатта айтылған ойлар мен жолданған месседждерге бұқараның көңілі толатаыны байқалады. Ел ішіндегі белсенді, қоғам тынысын бақылап отыратын азаматтар сұхбатта көпшілікті толғандырған бірқатар мәселелердің айтылғанын алға тартады.



БҰЛ — ҚАЗАҚТЫҢ ТІЛЕГІ!

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан телеарнасына Жайна Сламбекке берген сұхбатын мұқият тындадым. Көпшіліктің көкейіндегі, әлеуметтік желіде көтерілген сұрақтар қойылды.

Басында бейбіт басталған шеруді қандықол қараниеттілердің пайдаланып, төңкеріс жасағысы келгенін айтып, бұл іске шатысы барларға қатысты тергеудің аса құпия жүріп жатқанына тоқталды.

Оны түсінеміз. Тек сол тергеудің әділ де шынайы, түпкілікті де терең зерттеліп жүргенін, шындықтың жариялануын қалаймыз, халық соны күтеді. Президенттің өз сұхбатында атап өткені бар, амамай кеткені

бар, ел саясатында жіберілген ең ірі идеологиялық қателердің кесірі орасан, оны бірден түзеу де оңай емес екенін білеміз. «Қасіретті қаңтар» ызғары әлі жанды қарып, жүректі сыздатып тұр. Оның үстіне, «ақпараттық соғыстағы жеңілістен», экономикадағы дағдарыстан, басқа да ауыр соққылардан өсімізді жиып, ел іргесін нықтау, елдігімізді сақтау тек өзімізге байланысты.

Қасым-Жомарт Кемелұлының қазақ тілі туралы айтқаны көңілге қонымды. Оның үстіне, Тоқаевтың қазақ журналистикасына жақсы баға бергеніне қарағанда алдағы уақытта Қазақ елінің президенті ретінде қандай деңгейдегі жиын болмасын, өзі бас болып тек мемлекеттік тілде сөйлеп, басқаларға үлгі болса деген тілек бар. Бұл — қазақтың тілегі!

Бакытжан ЖАНШАЕВА,
Ақтөбе облыстық мәслихатының депутаты

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ — ҰЛТТЫҢ БОЛМЫСЫ

Мемлекеттік тілдің өзектілігін Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан телеарнасына берген сұхбатында атап өткен болатын.

Бұл ретте ел Президентінің «Біздің халқымыз талай «тар жол, тайғак кешуді», қилы заманды басынан өткерген. Қиындықтың бәрін жеңген. Кешегі қасіретті оқиға кезінде халқымыз бірлігін көрсетті. Осы құндылықты келешек ұрпаққа аманат етуіміз керек. Қазақстанның болашағы жарқын болатыны сөзсіз. Мен бұған көміл сенемін. Біздің бір ғана Отанымыз бар. Басқа Отанымыз жоқ. Болмайды да. Еліміздің Тәуелсіздігі бәрінен қымбат» деп ерекше тоқталды.

Расында да, ендігі кезекте жана саяси-реформалардың, «әділетті қоғамның» жаршысы ретінде бір кісідей жұмылып, Президентімізге Қазақстанның жана даму кезеңін құруға әркім өз саласы бойынша үлес қосуымыз керек.

Мейіржан ОТЫНШИЕВ,
«Nur Otan» партиясы Алматы қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары



ПІКІР

ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН. Жемқорлықпен қалай күресеміз?

Сыбайлас жемқорлық — мемлекеттің дамуын тежейтін бірден-бір фактор. Жең ұшынан жалғасқан бұл қылмысқа тоқтам болмай елдің дамуы өкітәлі. Дамуды былай қойғанда, қолда барды ұстап қалудың өзі қиындық туғызады. Өйткені жемқорлықтың қоғам өмірінің кез келген саласына «әмірін» жүргізу бұқараның билікке деген сеніміне сызат түсіреді. Ал халықтың сенімі жоғалған жерде мемлекеттік бағдарламаларға, түрлі реформаға күмәнмен қарайтындар көбейді. Оның нәтижесі қандай боларын «қаңтар оқиғасы» көрсетіп берді.

Сонымен, қазір жемқорлықпен күресті тиімді жүргізудің жолдары қандай? Сарапшылардан сұрадық.



Айдар ЕГЕУБАЕВ,

Transparency Kazakhstan қоғамдық қорының қамқоршылар кеңесінің төрағасы:

— Шынында, қазір Қазақстандағы сыбайлас жемқорлықпен күрес саласына ауқымды реформа қажет. Ол «хирургиялық араласуды» қажет ететін «ауру» деңгейге жеткен. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің басшысы да ведомствоның жемқорлықтың алдын алуға қауқарсыз екенін мойындады. Демек, реформаның, өзгерістің қажеттілігі дау тудырмайды.

Түбегейлі өзгерісті сыбайлас жемқорлықпен күрестен бастаймыз десек, ең әуелі ашықтықты қамтамасыз етуді қолға алғанымыз жөн. Әрі ғылымның әлеуметтік-экономикалық шешімдер қабылдаудағы рөлін нығайтуды күптаймын. Технологиялық «төңкерістер» қысқа мерзімде дұрыс әрі нақты шешім қабылдауды қажет етеді. Бұл орайда бізге Ғылым академиясы мен оның барлық 19 институтын қайта жандандыру қажеттілігі туындайды.

Ал сыбайлас жемқорлықпен күрес саласындағы өзгерістер енгізуді Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігін Парламентке бағындыру етуден бастау керек деп білемін. Әрі салаға бұрын құқық қорғау органдарында жұмыс істемеген,

есесіне экономиканың нақты секторында көпжылдық тәжірибесі бар мамандарды көптеп тартқан жөн.

Жемқорларды қатаң жазалау үшін соттарды өзге билік органдарына бағынышты етуге жол бермеуіміз қажет. Олардың әрбір әрекетін ашық жариялап отыру үшін журналистер батыл журналистік зерттеулерге барғаны жөн. Сәйкесінше, билік тарапы оларды құқықтық қорғаудың тетіктерін қастырғаны дұрыс болады. Отбасы шетелде тұратын адамдарға жағары лауазымды қызметтер тағайындауға тыйым салынғанын қаламаймын.

Шынын айту керек, сыбайлас жемқорлықпен күресте азаматтық қоғам институтының рөліне де тиісті деңгейде ден қоя алмай жүрміз. Осыдан 16 жыл бұрын Қазақстан Президенті жанында демократияландыру мәселелері жөніндегі ұлттық комиссия болған. Қазір де Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі сияқты диалог алаңы бар. Бірақ онда айтылған ұсыныстарға құлақ аспай жатыр.

Есесіне мемлекеттік қызметкерлер әлемдік рейтингтерді жариялайтын халықаралық ұйымдардың өкілдерімен ғана санасады. Онда да мәселені шешуден бұрын халықаралық беделге ие болуды көздейтін көзқарас басым. Transparency International ұйымының сыбайлас жемқорлықты қабылдаудың соңғы индексі бойынша Қазақстан жемқорлық жайлаған Гамбия мен Шри-Ланкамен теңесіп, рейтингте 102-орынға дейін түсті. Алайда бұл ақпарат ешқайда жарияланбады.

Серік БЕЙСЕМБАЕВ,
Paper Lab зерттеу орталығының жетекшісі, әлеуметтанушы:



— Дамыған саяси институттар қалыптасқан мемлекеттерде жемқорлықтың деңгейі төмен болады. Неліктен? Себебі оларда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінен бірге тұтас мемлекеттік органдар тәуелсіз азаматтық қоғамның бақылауында. Демек, бізге де жемқорлықпен күресте осы тәжірибеге сүйене отырып, демократиялық саяси институттарды орнатып, олардың белсенділігін арттырған жөн. Ал дамыған саяси институттар дегеніміз не? Бұл — ең әуелі ашық әрі бәсекеге қабілетті сайлау негізінде жасалған Парламент. Сөз бостандығының үстемдік құрып, БАҚ-қа еркіндіктің берілуі. Ең бастысы, әділ жұмыс істейтін сот жүйесі.

Міне, осы институттардың әлеуеті толық пайдаланылмай, олардың тарапынан бақылауынан тыс қалған қоғамда жемқорлық тамырын тереңге жаяды.

Ал бізде құқық қорғау, жергілікті атқарушы органдарды да жемқорлық жайлаған. Бір сөзбен айтқанда, Қазақстанда жемқорлық дертіне шалдықпаған бірде-бір мемлекеттік орган жоқ. Яғни, қазір көпшілік айтып жүрген саяси реформаның ең басты нәтижесі елдегі жемқорлық деңгейінің төмендеуінен көрінеді. Олай болмаған жағдайда жемқорлықпен күрестің басқа тәсілдері нәтиже бермейді.

Әрине, сыбайлас жемқорлықпен күресуде азаматтық қоғам институттарының ықпалы зор. Бірақ бұл институттардың демократиялық елдердегідей өздігінен қалыптасқаны дұрыс. Сонда ғана олар мемлекеттік институттарды қоғамдық бақылауға алып, ондағы «бармақ басты, көз қысты» әрекеттерге кедергі келтіреді. Біздегідей азаматтық қоғам ұйымдарын мемлекет тарапынан қаржыландыру тәжірибесі керісінше бұл институттардың дербестігін жояды. Олардың өздерін қаржыландырып отырған мемлекеттік институттың былығын әшкерелеуге батылы жетпейтіні түсінікті.



1 наурызда партияның кезектен тыс съезі өтеді

«Nur Otan» партиясының Төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаев кезектен тыс XXII съезді 1 наурызға шақыру туралы шешім қабылдады. Бұл туралы партияның Атқарушы хатшысы Асхат Оралов мәлімдеді.

Съезд бүкіл аймақтардан делегаттар қатысады. Орталық аппарат өңірлік филиалдармен бірге дайындық іс-шараларын қолға алды.

Съезд барысында партия жұмысын жаңғырту басымдықтары талқыланады.

Ерке ЕРҚОҢЫП

Съезд серпін беруі тиіс



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 1 наурыз күні «Nur Otan» партиясының кезектен тыс XXII съезін шақыруға шешім қабылдады. Съезде партия жұмыстарын әрі қарай жаңғырту бойынша басымдықтар талқыланатын болады.

Мемлекет басшысы Үкіметтің кеңейтілген отырысында күзге қарай билік партиясы неғұрлым трансформациялануы керек деген болатын. Сонымен қатар елімізде бүгінде қалыптасқан жағдайға байланысты партия өз қызметінде жана тәсілдер — икемділікке, желелдікке және батылдылыққа сүйенуі тиіс. Егер партия қысқа мерзім ішінде осы тәсілдер бойынша түбегейлі өзгеріс алса, онда ол елдің сенімін арттыруға мүмкіндік береді.

Нәтижесінде, алдағы съезд партияның Жана Қазақстанды құру жолында нақты трансформациялануына әсер етуі қажет. Сөйтіп, бұл шара Президент айтқандай, қазіргі заманғын өзекті мәселесі мен қоғамды әрі қарай демократияландыруға және пікір алуандығын дамытуға жауап береді.

Қазбек МАЙГЕЛДИНОВ,
саясаттанушы

Жаңғырудың жаңа тәсілдері керек

Белгілі саясаттанушы Эдуард Полетаев Facebook парақшасында «Nur Otan» партиясын жаңғырту туралы пікірін жазды. Ол мемлекетті жаңғыртуда партия ең басты акторлардың бірі болады деп санайды.



«Nur Otan» партиясының Төрағасы, Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 1 наурызда кезектен тыс XXII съезді шақыру туралы шешім қабылдады. Бұл партияның құрылған күні, 23 жыл бұрын оның бірінші съезі өтті. Содан бері елімізде қалыптасқан партиялық жүйе «Nur Otan» партиясы басымдыққа ие болып, өзгеріс рөл атқарған доминанттық түрге жатқызылды. Қантар оқиғасын ой елегінен өткізгеннен кейін және қоғамдық пікір мен іс-әрекет күш ала бастаған қазіргі сәтте саяси партиялардың идеологиялық та, кадрлық та жұмыстары сынға ұшырады. Ең көп ақпараттық шабуылға биліктегі «Nur Otan» партиясы ұшырайды», — деп атап өтті Эдуард Полетаев.

Саясаттанушы партия жайында оның айтарлықтай ұзақ уақытта және үлкен күш-жігер арқылы құрылғанын, 800 мыңға тарта мүшесі бар, орталықтандырылған бұқаралық ұйым болып қалатынын атап өтті.

«Оның басқарушы органдары мен өңірлік құрылымдарының қызметі Жарғыға сәйкес жүргізіледі. Партия өзін центристік ретінде танытты, дегенмен қазір әлеуметтік әділдік пен халықтың әл-ауқатын арттыру мәселесінде саяси партиялардың алдында солға қарай ауытқып барады. Дегенмен саяси партия қоғам мүшелерінің белсенді бөлігінің өзін-өзі ұйымдастыруының күрделі формасы саналады, оның құрамында адами қатынастардың алуан түрі кездеседі және болып жатқан өзгерістер оған міндетті түрде әсер етуі тиіс. Егер ол әлдебір иммунитетке, электоралды инженерияға, әкімшілік амал-айдаларға, жоғары биліктің көңіл ауанын дөп баса алатын қабілетіне сеніп, азаматтардың сұранысынан тыс, виртуалды кеңістікте жүрсе, оның болашағы жарқын бола алмайды. Егер Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық жағдай жақсармаса, онда партияның жақтастары азаяды. Елімізде саяси реформалардың жана легі енгізіледі деп уәде берілгеніне қарағанда, жақын болашақта партия мүшелері санының шекті мөлшерінің төмендеуі, партиялық жүйенің плюрализациясы, азаматтық қоғамның сайлау процесіне әсер ету мүмкіндігі артуы ықтимал. Яғни, «Nur Otan» үшін бәсекелестік орта өзгереді», — дейді Эдуард Полетаев.

Саясаттанушының ойынша, мемлекетті жаңғырту нақты себептерге байланысты туындаған.

«Nur Otan» оның негізгі акторларының бірі болуы тиіс, бұл жағдайда саяси институт ретінде өзі де жаңғыруы керек. Тұтастай алғанда, мемлекеттің сәтті жаңғыртылуы партияның қаншалықты желел әрі сапалы жаңғыруына байланысты болмақ. Икемділік, желелдік, табандылық және ашықтық — билік партиясы жұмысының жана тәсілдеріне айналуы тиіс. Оның Төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаев реформаға жоғары маңызы барды, сондықтан оны жаңғырған партия қолдайтын болады. Алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін ресурстық базаны мобилизациялау, жастар қанатын дамыту, халықпен жүзбе-жүз кездесу, яғни ел арасына шығу, өңірлік деңгейдегі партиялық кадрларды нығайту қажет», — деп түйінделді ол.

Б.КӨКШЕ

Депутаттар Павлодар облысына келді

Мәжіліс депутаттары — «Nur Otan» партиясы фракциясының мүшелері Павлодарда ерекше балаларды тәрбиелеп отырған аналармен және Кеменгер ауылының Красноармейск аграрлық-техникалық колледжінің жастарымен кездесті.

Бұған дейін Парламент Мәжілісінің депутаттарымен кездесу онлайн форматта ұйымдастырылып, онда мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналар мүгедектік санаттарын қайта қарауды, заннамаға түзетулер енгізуді және жеңілдікпен дәрі-дәрмектер алуды қамтамасыз етуді талап еткен болатын.

Енді 18 ақпанда Парламент Мәжілісінің депутаттары — «Nur Otan» партиясы фракциясының мүшелері Айгүл Нұркина, Анатолий Бойчин, Верн Ким «Кедергісіз келешек» партиялық жобасы аясында ерекше қажеттілігі бар балаларды тәрбиелеп отырған аналармен кездесіп, олардың проблемалары мен ұсыныстарын тыңдады. Әйелдер дәрі-дәрмектерді жеткізудегі қиындықтар, техникалық және ақшалай қаражаттың жетіспеушілігі туралы айтып, денсаулық сақтау жүйесіне сенімсіздік білдірді. Кейбір жағдайда диагноз дұрыс қойылмаған, ал ақыл-есі кем балалар санаты мүгедектіктің дәстүрлі топтарымен бір деңгейге қойылмаған.

Кездесу барысында аналар келесідей мәселелерді көтерді:

— мүмкіндігі шектеулі балалар үшін мүгедектік санаттарын қайта қарау; мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп отырған аналар үшін зейнеткерлік жас деңгейін төмендету; ақыл-есі кем балалардың проблемалары бойынша;

— диагнозы күрделі мүмкіндігі шектеулі балаларға барлық қажетті құралдарды ұсыну; матрастар, сорғыштар, тыныс алу құралдары, оларды ата-аналардың өздері сатып алуға мәжбүр;

— мүмкіндігі шектеулі балаларға сапалы тауарлар сатып алу мақсатында қажетті қаражаттың кепілдік берілген сомасын ұлғайту. Құралдарды сатып алу порталының жұмысы жетілдірілмеген, оның балама нұсқасын ашу немесе оны пысықтау қажет;

— мүмкіндігі шектеулі балалардың мүмкіндігін ескере отырып, тұрғын үй бағдарламаларына қатысу үшін тұрғын үй заннамасына өзгерістер енгізу — зейнетақы аударымдары жоқ және тағы басқа;

— жеке көмекшілерге сағаттық күтімге байланыстырмай 2 АЕК жалақы мөлшерінде



енбекақы белгілеу. 1-2-топ мүгедектері мен бала кезінен мүмкіндігі шектеулі балаларға күтім жасайтын адамдар үшін зейнеткерлік жасты әйелдер үшін 55 жасқа дейін және ерлер үшін 60 жасқа дейін төмендету. Сондай-ақ баланың мүгедектігіне әкеп соқтырған медициналық кәсіпкерлер жібеген медицина қызметкерлері туралы сұрақтар көтерілді.

Барлық мәселелер тыңдалып, ерекше бақылауға алынды. Депутаттардың айтуынша, барлық мәселені бір күнде шешу мүмкін емес, көп проблема егжей-тегжейлі зерттеуді қажет етеді.

Күн тәртібіне сәйкес, мәжілісмендер Павлодар ауданы Кеменгер ауылының жастарымен де кездесу өткізді. Ел Президенті партия съезінде сөйлеген сөзінде қантардың қайғылы оқиғаларында, оның ішінде жастардың әлеуметтік-экономикалық бейімделуі мәселелерінде елеулі оқиғалықтар бар екенін атап өтті. Сондықтан жастармен, әсіресе ауылдық жерлерде тұратын, оның ішінде жұмыссыздармен өзара қарым-қатынас орнату қажет.

Кеменгер ауылының Красноармейск аграрлық-техникалық колледжінде (КАТК) 890 студент оқиды. Бүгінде ол отандық ауыл шаруашылығы кадрларының нағыз ұстаханасына айналған. Бұл — Павлодар облысының көне оқу орындарының бірі, бірақ сонымен бірге ең заманауи білім ошағы. Мұнда инновациялар, дуальды оқыту қарқынды енгізілуде, халықаралық тәжірибе

алмасу жүріп жатыр. Сондықтан колледжді бітірген барлық жас мамандарға сұраныс жоғары. Колледж ашылғалы 47 жыл ішінде 12 мыңнан астам ауыл шаруашылығының маманы даярланды.

Кездесу барысында депутаттар студенттердің тұрмысымен, білім алу, демалыс жағдайларымен танысты. Сондай-ақ жатақханадағы температуралық режимді тексерді. Себебі бұған дейін әлеуметтік желілерде жатақхананың суықтығын айтып, шағымданған болған. Делегация жатақхананы аралап, бөлмелердегі температураны өлшеді. Бірақ тексеріс кезінде температураның қалыпты екеніне көз жеткізді. Одан кейін олар колледж қазандығына барып, жұмыс кестесін тексерді.

Студенттер арасында спортпен айналысатындар көп болғанымен, колледждің өз спорт кешені жоқ екен. Бұл жастардың спортпен шұғылдануына көп қиындық туғызады. Ауыл әкімінің айтуынша, спорт кешенінің жобалық-сметалық құжаты дайын, құжат биыл облыс әкімдігіне жіберілуі тиіс.

Сондай-ақ студенттер шәкіртақы мәселесін де көтерді. Қазір колледждегі стипендия мөлшері 21 000 теңгені құрайды. Кездесу соңында мәжілісмендер Красноармейск аграрлық-техникалық колледжі студенттерінің ұсынысын ескеріп, оның жүзеге асырылуын бақылауға алатын болып келісті.

Би-Барыс КӨКШЕ

Өтініштерге берілген жауаптар талданды

«Nur Otan» партиясы Партиялық бақылау комитетінің отырысында Солтүстік Қазақстан облысындағы ауылдарды ауызсумен қамтамасыз етудің түйінді мәселелері мен партияның қоғамдық қабылдау бөлмелерінің жұмысы қаралды.

2021 жылы «Nur Otan» партиясы қоғамдық қабылдау бөлмесіне 174 мың қазақстандық жүгінген. Ал депутаттар мен партия мүшелері — мемлекеттік органдардың басшылары 34 мыңнан астам жеке қабылдау өткізді.

Талдау көрсеткендей, өтініштердің басым бөлігі әлеуметтік қамсыздандыру, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және жұмысқа орналастыру мәселелерімен байланысты. Азаматтарға консультативтік-құқықтық және өзге де көмек көрсетіліп, өтініштердің барлығы дерлік шешімін тапты, 1 пайызы ғана орындалу үстінде.

Республикалық қоғамдық қабылдау бөлмесінің менгерушісі Әлия Садырбаеваның айтуынша, «Халыққа көмек» партиялық жобасы аясында мемлекеттік органдардың өкілдерімен 2,6 мың тақырыптық және көшпелі қабылдау өткізіп, оның барысында 5,6 мың адамның өтініші тыңдалды. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 3 есе көп.

Отырыс барысында партия мүшелері азаматтардың мәселелері «Nur Otan»-ның араласуынан кейін ғана шешілгені туралы нақты мысалмен бөлісті. Солтүстік Қазақстан облысының Илтыс ауылында фельдшерлік-акушерлік пунктке күрделі жөндеу жүргізілсе, Шығыс Қазақстан облысының Қарағайлы ауылында жана су құбыры іске қосылды. Көкшетау қаласында партия көру және есту қабілеті нашар жандардың қоғамдық көлікте тегін жүруін қамтамасыз етті.

Сонымен қатар мемлекеттік органдар тарапынан азаматтардың өтініштерін тиісінше және уақытылы қарамау фактілері жөнінде айтылды. Партияның қоғамдық қабылдау бөлмесіне мемлекеттік органдардың жауабына 22 шағым (бас тарту, формальды жауап беру) келіп түсті, өтінішті қарау мерзімін бұзудың 115 фактісі тіркелді. Сондай-ақ кейбір басшылардың тарапынан



өздерінің орнына орынбасарларын, тіпті қатардағы қарапайым қызметкерлерді қабылдау өткізуге жіберетін жағдай болған.

Комитет төрағасы, Мәжіліс депутаты Артур Платонов өтініштерді талдау негізінде жүйелі түрде қайталанатын проблемаларды анықтап, қоғамдық резонансты күтіп отырмай, оларды шешуді қолға алу кергін атап өтті.

Сонымен қатар отырыс барысында Солтүстік Қазақстан облысындағы ауылдарды ауызсумен қамтамасыз етудің түйінді мәселелері талқыланды. «Nur Otan»-ның осы өңірдегі филиалы партиялық бақылау комиссиясының төрағасы Ерлан Алпысовтың айтуынша, Есіл топтық су құбыры желілерінің басым бөлігінің әбден тозығы жеткен және пайдалануға жарамсыз, оны толығымен жаналау қажет.

«Шал ақын ауданында халық саны 19 мың адамға жетеді, бірақ олардың 59 пайызы орталықтандырылған сумен қамтамасыз етілген. 2 ауылда адамдар суды санитарлық нормаларға сәйкес келмейтін жергілікті көздерден тұтынуға мәжбүр», — деді Ерлан Алпысов.

Өз кезегінде Экология министрлігі Су ресурстары комитетінің төрағасы Нұрлан Алдамжаров бүгінде ведомство сумен жабдықтау желілерін жөндеу жұмыстарын жүргізіп жатқанын айтты. Жыл соңына қарай Преснов топтық су құбырын іске қосу жоспарланып отыр. Бұл тұрғындар саны 23 мыңнан асатын 12 ауылды сумен жабдықтауды қамтамасыз етеді. Ал Есіл топтық су құбыры 2023 жылы пайдалануға берілуі керек.

«Преснов және Есіл топтық су құбырларының жежеленген мерзімде іске қосылауы Қаржы министрлігі тарапынан қаражаттың уақытылы бөлінбеуінен болды. Бұл жобалардың іске асырылуы, жобалау-сметалық құжаттамасының сараптамасын жасау мерзімдерінің созбалаңға салынуына әкеп соқтырды. Салдарынан жобалардың құны қымбаттап, құрылыс дер кезінде аяқталмай отыр. Сондықтан Қаржы министрлігі тарапынан қаржы уақытылы бөлінуі қажет. Ал Су ресурстары комитеті мен мердігерлер сумен қамтамасыз ету нысандарын белгіленген мерзімде пайдалануға беруі тиіс», — деп түйінделді Артур Платонов.

Клара НАҚЫП

«NUR OTAN». ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫНДА

Қаңтардағы қайғылы оқиғалар мемлекеттің барлық саласына ықпал еткені мәлім. Ең алдымен саяси-партиялық жүйені жаңғырту қажет екені көптен бері айтылып келеді. Бірден-бір себеп – билік пен халық арасында алшақтық пайда болды. Егер қос тарап арасында диалог орнағанда, бәлкім «қаңтар қасіреті» болмас па еді?

Не десек те, саяси жүйемен қатар билік партиясы да өзгеруі қажет екені айқындалып келеді. Бұл жөнінде партия Төрағасы, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев та айтты. Алайда жұрт базынасын билік органдарына жеткізгеннен гөрі әлеуметтік желіге жаза салуды құп көретін уақытта партия қандай функция атқаруы тиіс? Сайлауалды бағдарламаны бақылауды формалды шараға айналдырмаудың жолы қандай? Сонымен, бас партияны қандай өзгерістер күтіп тұр?

Әлихан ИСМАН

ПАРТИЯ. БҮГІН.

Бүгінде «Nur Otan» партиясы – Қазақстанның саяси-партиялық жүйесіндегі қуатты әрі ықпалды күш. Қазіргі деңгейге бір күнде жетпеді. 1999 жылдан бері бірнеше өзгеріс, ассимиляция, модернизацияның нәтижесінде бүгінгі тұғырына жетті. Мүше саны, саяси салмағы, филиалдар желісі, Мәжіліс пен мәслихаттардағы өкілдері, Үкімет құрамын жасақтау мүмкіндігі бойынша өзге партиялардан оқ бойы озық тұр. Билік партиясына бүгінде 800 мыңдай адам мүше, 4,5 мың бастауыш партия ұйымы тіркелген, аймақтарда 216 филиал мен 238 қабылдау бөлмесі жұмыс істейді. Мәжілісте 76 депутат, жергілікті мәслихаттарда 2 701 депутат «Nur Otan» атынан өкілдік етеді.

Жоғарыда келтірілген ресурс соңғы сайлауда электорат қолдауына ие болуға мүмкіндік берді. Парламент сайлауында партия 71 пайыз дауыс жинады. Ауыл әкімдері сайлауында 87 пайыз өкім «Nur Otan» өкілі атынан жеңіске жетті. Яғни, ұзақ жылдар бойы жинаған тәжірибе, партиялық ресурс, сенім, имидж шешуші сәтте жеңіске жетеледі. Сондай-ақ соңғы жылдары «Nur Otan»-ның саяси ұйым ретінде өзгеруіне, жаңа мүшелермен толығына партияшілік сайлау – праймериз ықпал еткенін атап өткен жөн. Себебі осы процесс барысында аймақтардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы белсенді азаматтар, қоғам қайраткерлері өзінің сайлауалды бағдарламаларын партия мүшелеріне ұсынып, «додаға» түсті. Жүзден жүйрік шыққандары ғана партия атынан мәслихат, Мәжіліс сайлауына қатысты. Праймеризге 11 249 азамат қатысып, 10 073 адам тіркелді. Республика бойынша әрбір аудан, қала, облыс бойынша 217 сайлауалды бағдарламасы даярланды. Нәтижесінде, сайлауалды кандидаттар тізімі 80 пайызға жанарды. Яғни, «Nur Otan» партиясының атынан тек «саяси элита» өкілдері ғана емес, түрлі салада маман ретінде мойындалған қатардағы азаматтар да сайлауға қатысу құқығын жеңіп алды. Осылайша, партияшілік праймериз «Nur Otan»-ның өзгеруіне, жаңа өкілдермен, мүшелермен толығына, электоратқа тағы бір қадам жақын болуға ықпал еткен шараға айналды.

ӨЗГЕРІСТЕР УАҚЫТЫ

«Қаңтар трагедиясы» қоғамның сан саласына ықпал етті. Саяси-партиялық жүйе де сырт келген жоқ. Тіпті, партия басшылығының ауысу процесін жеделдетті. «Nur Otan»-ның кезектен тыс съезінде Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев партияның жаңа төрағасы болып сайланды. Партияның кезектен тыс XXI съезінде Қ.Тоқаев партияны жаңғыртудың жолдарын жариялады. Сондай-ақ «Nur Otan» партиясының атқарушы хатшысы болып тағайындалған Асхат Ораловпен кездесу барысында да бұл мәселе қайта көтерілді. Яғни, «Nur Otan» партиясына да замана ағысын сай жаңғыруы тиіс. Дегенмен республикалық алып саяси ұйымды өзгертудің жолдары қандай?

Біріншіден, партия қатарындағы ынтымақтастықты нығайту, қоғамдағы конструктивті күштерді шоғырландыру. Партия қатарында 800 мыңнан астам мүше бар. Әрине, олардың көзқарасы, құн-



дылығы әртүрлі болуы мүмкін. Бірақ соншама азаматты партияның саяси платформасы, патриотизм, елге қызмет сияқты ортақ түсініктер мен факторлар ортақтастырады. Міне, партияның осындай адами ресурстарын біріктіру маңызды.

Жалпы, «қасіретті қаңтарда» партия мүшелері елге көмек көрсетуде шет қалған жоқ. Партия атынан сайланған Мәжіліс пен мәслихат депутаттары, белсенділер мен мемлекеттік қызметкерлер ереуілге шыққандармен келіссөз жүргізіп, оларды тыныштандыруға және жағдайды қалыптастыруға, жұрттың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тырысты. Партияның қоғамдық қабылдаулары жұмысын үзіліссіз жалғастырды. «Nur Otan» мүшелері зардап шеккендерге, әскерилер мен тәртіп сақшыларына, коммуналдық қызметтерге көмек көрсетті. 12 облыста 3,5 мың партия мүшесі қоғамдық қауіпсіздік жасақтарына қосылды, партия мен «Jas Otan»-ның мыңға жуық еріктісі аумақты тазарту мен елді мекендерді қалпына келтіруге жұмылдырылды. 1,3 мыңнан астам партия мүшесі зардап шеккен азаматтар үшін қан тапсырды. Тек Алматы қаласының өзінде нұротандықтар жаппай тәртіпсіздіктер кезінде зардап шеккендерге (15,6 мыңнан

арттыру. Саяси ұйым ретінде «Nur Otan»-ның ішкі тұтастығын сақтап, одан әрі нығайта түсу.

Екіншіден, партиялық идеология мен кадрлық жұмысқа басымдық беру. Партия – бұл қатардағы ұйым емес, ол саяси ұстанымы мен көзқарасы ұқсас азаматтардың бірлестігі. Сондықтан 800 мыңға жуық партия мүшесімен идеологиялық жұмыстарды белсенді жүргізу, олардың арасынан үздік әрі сапалы мамандарды партия жұмысына тарту аса маңызды. Ал «Nur Otan» тұғырнамамына сай, центризм – партияның ресми идеологиясы. Қаңтардағы қайғылы оқиғалар Қазақстан үшін дамудың эволюциялық жолы, бірлік пен келісімді сақтай отырып, центризмді ұстану әлі де өзекті әрі қажет идеология екенін дәлелдеді. Осы жылдар ішінде партияны қолдайтын «ядролық» электорат қалыптасты. Оның өзегін түрлі әлеуметтік топ – дәрігерлер, мұғалімдер, мемлекеттік қызметкерлер, кәсіпкерлер, жастар, аға буын өкілдері және тағы басқалары құрайды. Бұл азаматтарды партия құндылықтары біріктіреді. Ал партияның құндылықтары – адам, бостандық, заң үстемдігі, әділеттілік, ынтымақ, болашаққа ұмтылыс, отбасы және дәстүр. Аталған құндылықтар «Nur

Алайда сыбайлас жемқорлық әлі де қоғамда белең алған мәселенің бірі. Азаматтар кез келген түйткілдің себебін жемқорлықтан көретін деңгейге жетті. Яғни, партия өзінің барлық саяси, интеллектуалды ресурсын пайдалана отырып, стратегияны жүзеге асырып, қазіргі жемқорлық аясын азайтуы міндет. Бұл электораттың бірден-бір талабы екені даусыз. Егер партия аталған миссияны орындай алса, бұл «Nur Otan»-ның қайта жаңғыруының белгісі болар еді.

Otan»-ның саяси тұғырнамамында бекітілген. Ендеше қандай жағдай туындаса да, партияластар арасында осы құндылықтарды насихаттау маңызды міндет болып қала береді.

Бұдан бөлек, партия мүшелері арасында үздік кадрларды іріктеу де күн тәртібінен түспейтін мәселе. 2019 жылы «Nur Otan» өз қатарластарының арасында жүйелі қайта жаңғырту жұмыстарын жүргізді. Партияны қайта жаңғырту бағдарламасы партиялық жауапкершілікті арттыруға, белсенді партия мүшелерін топтастыруға, ақпараттық-идеологиялық жұмысты жанартуға және халықпен өзара тығыз әрекет етуге бағытталған. Дәл осы бағдарлама аясында «Қуатты лидерлер – Қуатты партия» принципі бойынша праймериз өтті.

Яғни, бұл бағыттағы жұмыстар жалғасуы тиіс. Партия қашанда тын, сапалы кадрларға мұқтаж. Оларды өзге жақтан емес, партияның өз ішінен табуға мүмкіндік бар. Мамандарды оқытып, қайта дайындап, семинар-тренингтер өткізіп, білімін арттырып, жауапты қызметтерді сеніп тапсыруға болады. Себебі партияның жұмысын партияластардан артық кім біледі? Бұл «Nur Otan»-ды жаңғыртудың келесі бағыты болуы тиіс.

Үшіншіден, сайлауалды уәделердің орындалуын бақылау, қадағалау. Соңғы парламенттік сайлауда электораттың 71 пайызы «Nur Otan»-ға сеніп, дауысын берді. Себебі олар сайлауалды бағдарламаға үміт артты. Енді осы сенімнен шығу – партияның сайлаушылар алдындағы негізгі функцияларының бірі, тіпті бірегейі деуге де болады. Егер партия осы міндетін толық атқарса ғана келесі сайлауда халық қолдауына үміттен алады. Сондықтан партияны жетілдірудің келесі бір жолы – сайлауалды бағдарламаны Үкіметтің толық орындалуын қадағалау.

Бұрынғы сайлауларда партия бүкіл елге ортақ бағдарламаны ұсынса, 2021 жылы республика бойынша әрбір аудан, қала, облыс бойынша 217 сайлауалды бағдарламасын даярлады. Осылайша, партия әр аймақтағы сайлаушыға жақын бола түсті. Өйткені бағдарлама жалпылама болған жоқ, әр азаматтың тұрғылықты жеріне байланысты жазылды. Сол себепті партия әр өңірдегі мәслихат депутаттары арқылы сол уәделерінің орындалуын қадағалауы аса маңызды. Бұл бағыттағы жұмыстың қазіргі нәтижесі жаман емес. Үкімет жанындағы сайлауалды бағдарламасына мониторинг жүргізу жөніндегі штабтың 32 отырысы өтіп, 100 мәселе қаралды. Былтыр 2021 жылға уәде етілген іс-шараның 74 пайызы (269) орындалды, облыстық Жол картасы бойынша бұл көрсеткіш 83% (13,9 мың).

Төртіншіден, Мәжілістегі «Nur Otan» партиясының фракциясын қайта жаңғырту. Партияның Мәжілісте 76 мандаты бар. Жалпы, бүгін фракция өз деңгейінде жұмыс атқарып отыр. Мәселен, 2021 жылғы депутаттар – партия фракциясының мүшелері 25 заң жобасына бастамашы болды, оның 18-іне Президент қол қойды, 6 заң жобасы әзірленіп жатыр. Жалпы отырыстарда 151 депутаттық сауал, 301 баяндама, 410 сұрақ қойылды. 11 ақпанда Мәжіліс бюросының отырысында «Жаңа Қазақстан» депутаттық тобы тіркелді, оның құрамына үш партиядан 31 депутат кірді. Топтың мақсаты – Президенттің тапсырмаларының орындалуын бақылау, Мәжіліс жұмысын ашық ету.

Дегенмен қоғамдағы белсенділер «Мәжіліс азаматтардың мүддесін өз деңгейінде қорғайды, жұртты мазалаған мәселелерді Үкімет алдында көтермейді» деген базынасын айтады. Егер Мәжіліс, Сенат депутаттары осы функциясын толық атқарса, «қаңтар трагедиясы» болмас па еді? Қалай дегенде, Мәжілістегі фракция жұмысын жетілдіру қажет екені көрініп тұр. Себебі көп жағдайда депутаттар заң жобаларына қарсы болса да, Үкімет мүшелері дегеніне жетіп, өз ұсыныстарын заңға айналдырып жатады. Ал оқыс оқиға, үлкен апаттарды тексеруге тек үкіметтік комиссия құрылады. Кейбір елдерде мемлекеттік мәселелерді тексеруге парламенттік комиссия жұмылдырылады. Бір сөзбен айтқанда, партияның Мәжілістегі фракция мүшелерінің қызметінде принципшілдік, талапшылдық деңгейін арттыру арқылы партияның жаңғыруына үлес қосуға болар еді.

Бесіншіден, өңірлердегі өзекті мәселелерді шешуге белсенді араласу. Президент 2019 жылы Қазақстан аймақтардан құралады деп тек орталық қалалардағы ғана емес, сондай-ақ облыстардағы халықтың проблемаларын да шешу маңызды екенін баса айтқан еді. Айтылған сөз жерде қалмау үшін партия осы бағытта жұмысын жеделдетуі қажет.

Былтыр алғаш рет сайлауалды бағдарламалар мемлекеттік жоспарлау жүйесіне толығымен кіріктірілді. Осылайша, сайлау қорытындысы бойынша сайлау алдындағы уәделер негізінде облыстарды, қалаларды, аудандарды дамытудың 5 жылдық бағдарламалары бекітілді. 2021 жылы партия жанындағы 1,7 мың қоғамдық кеңес 9 мың отырыс өткізіп, 15 мыңнан астам әлеуметтік маңызды мәселені қаралды. Кеңестерде 12 мыңнан астам адам бар, 25 пайызы Мәжіліс пен мәслихат депутаттары, 32 пайызы ҰЕҰ, блогосфера және тағы басқа өкілдері.

Бірақ әлі де болса аймақтардың дамуын жетілдірудің саныммен, статистикалық көрсеткішпен өлшеп, шектелуге

болмайды. Егер өңірдегі жұрттың жағдайы жақсы болса, ішкі миграция, қалалардың урбанизациясы қазіргідей белсенді жүрмес еді. Осы себепті партия келесі сайлауда тағы да халық қолдауына ие болғысы келсе, алда тұрған негізгі шарттың бірі – аймақтағы халықты жұмыспен қамту, олардың табысын арттыру, өмір сапасының стандартын көтеру.

Алтыншыдан, қоғамдық қабылдаулардың қызметін жандандыру. «Қаңтар оқиғасының» қасіретті күндерінде «Nur Otan»-ның қоғамдық қабылдаулары үздіксіз жұмысын жалғастырды. 1 қаңтардан 13 қаңтарға дейін қоғамдық қабылдауға 944 адам жүгінді, 148 қабылдау жүргізілді, онда 315 адам қабылданды. 91 мыңнан астам адам қамтылған 225 кездесу, 74,5 мың адам қамтылған 1,7 мыңнан астам ұжымда түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Жалпы, 2021 жылы партияның қоғамдық қабылдауына 174 мыңнан астам адам жүгінген. Қоғамдық қабылдау учаскелерінде 34,4 мың қабылдау жүргізіліп, 75,3 мың адам қабылданды.

Пандемия басталған кезде де партиядан көмек сұрап келген азаматтардың қарасы көп болды. Бір ай бұрын қысқылтқан кезеңде біраз азамат «Nur Otan»-нан қолдау күтті. Яғни, партия өз электоратынан алшақтамау үшін, халықтың күнделікті басындағы басынасын, көкейіндегі мұңын тыңдау үшін қоғамдық қабылдау қызметін жаңа деңгейге шығаруы қажет-ақ. Бәлкім, бұл бағытта заманауи технологияларды қолданып, үйден шықпай, сайт, чаттар арқылы мәселені онлайн жеткізу жұмыстарын жетілдіру керек шығар. Бір сөзбен айтқанда, халықпен, сайлаушылармен кері байланыс орнағанда ғана партия қоғамдағы негізгі проблемаларды бақылап, дер кезінде Үкімет арқылы шешімін таба алады. Бұл «Nur Otan»-ның қайта жаңғыруының нақты жолы болар еді.

Жетіншіден, партияның сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын жетілдіру. «Nur Otan» 2025 жылға дейінгі Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бағдарламасын жүзеге асырудың Жол картасы бекітті. Бүгінде жоспарланған іс-шаралардың 49 пайызы орындалды.

Жол картасы аясында «Қоғамдық бақылау туралы» және «Жергілікті өзін-өзі басқару туралы» заң жобалары әзірленді. Transparency International ұйымының жемқорлық индексында Қазақстан 102-орынға жайғасты. Қазақстан жемқорлықпен күресу бойынша GRECO елдерінің тобына ресми түрде қосылған 50-ші мүше болды. Мемлекеттік қызметтерді цифрландыру деңгейі 96 пайызға дейін көтерілді.

Алайда сыбайлас жемқорлық әлі де қоғамда белең алған мәселенің бірі. Азаматтар кез келген түйткілдің себебін жемқорлықтан көретін деңгейге жетті. Яғни, партия өзінің барлық саяси, интеллектуалды ресурсын пайдалана отырып, стратегияны жүзеге асырып, қазіргі жемқорлық аясын азайтуы міндет. Бұл электораттың бірден-бір талабы екені даусыз. Егер партия аталған миссияны орындай алса, бұл «Nur Otan»-ның қайта жаңғыруының белгісі болар еді.

Сегізіншіден, «Jas Otan» жастар қанатының жұмысын сапалы түрде күшейту. «Қаңтар оқиғасына» қатысушылардың басым бөлігі жастар болғаны мәлім. Бәлкім, студент, жұмыссыз, базарда істейтін жастар шығар. Мүмкін тұрақты жұмысы бар, алайда іштей наразылығы қалыптасқан жас маман болар? Әзірге нақты деректер жоқ. Қалай дегенде, көптеген жас өрен алаңға шықты. Олардың өз талаптары болды.

Енді сол жас азаматтарды тыңдау, мәселесін шешу, қоғамда өз орнын табуға көмектесу, бойына белгілі бір құндылықтарды сіңіру тек мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару мекемелерінің ғана емес, партияның да бір міндеті. Осы бағытта «Jas Otan» жастар қанаты белсенді жұмыс атқаруы тиіс. Өйткені бұл ұйымның жастар арасында тығыз жұмыс атқару саласында тәжірибесі мол. Дегенмен ол біртүрлі жиналыс, форум, тренинг, кэмпинг сияқты «дәстүрлі уақытша шараға» айналмауы да шарт.

Қорыта келгенде, «Nur Otan» партиясы бүгінде өз дамуының шешуші кезеңдерінің алдында тұр. Қазір саяси ұйым Жаңа Қазақстанның шарттарына сай бейімделіп, қоғамның үнін естіп, келешектегі кедергілерді болжай отырып, ұзақмерзімді стратегиясын қайта түзуі қажет. Сонда ғана партия электораттан қолдау тауып, қайта жаңғырып, саяси бәсекеге дайын болады.

Табыс декларациясы: туысқандар қалай түгенделеді?

Қорадағы мал мен жалғыз тауық, қарызға алынған теледидар табыс көзі есептелетін елімізде жалпыхалықтық табыс декларациясын тапсыру жылдан-жылға кешеуілдеп келеді. Жүйе дайын болғанымен, жалпыға бірдей декларацияны кезең-кезеңімен жүргізуді ұсынғандар ай сайын алатын табыс көздерін түсіндіруге өздері дайын болмай шықты. Бұл жемқорлықты жүгендеуге арналған науқанның өтпеуін қалайтын мүдделі топтардың барын көрсетпей ме?

Жадыра МҮСІЛІМ

Жаппай табыс декларациясын тапсыруды талқылап жатқанымызға 22 жыл, жоспарға енгізігенімізге де бақандай 11 жыл болыпты. Мамандарды 2000 жылдың басында өзгелердің тапқан табыстары жөнінде есеп беруін қалай жүзеге асырып жатқанын зерделеу үшін шетелде де сабылтық. Сөйтіп, 2005 жылы шетелдің тәжірибесін елімізде қолдану туралы айтылып, 2010 жылы елде жаппай декларация енгізуді жоспарладық. Алайда жыл сайын жоспарланып, кем-кетігі табыла беретін науқанды 2020 жылы өткізетін болып шештік. Бірақ мемлекет қызметіндегі айлық күні қарайтындар қалталылардың қатарын қалай толтырып жүргенін түсіндіруі тиіс науқан 2025 жылға бір-ақ шегерілді. Сондағы себебі мынау. Біріншіден, жалпы халықтық декларация жүргізу үшін заңнамалық база жоқ. Екіншіден, ақпараттық жүйе де дайын болмай шықты. Өйткені шалғай ауылдарда интернеттің жоқтығы шараны кейінге шегеруге себеп. Алайда шараны өткізу жоспарланған 2020 жылы жауаптылар техникалық жүйе сақадай-сай екенін айтқан. Сол жылы Республикалық кәсіпкерлерге көмек орталығының директоры Дмитрий Казанцев технология толықтай дайын екенін айтты. «Ендігі міндет — қоғамның дайындығы ғана қалды», — деді ол. Бірақ сыныққа сылтау тапқан шенеуніктер табыстың есебін 2023 жылға созып, осы олқылықтарды жоюдың жолын табуға сөз берді. Табыс көзін айшықтау бастамасы төрт кезеңге, ал декларациялау екі түрге бөлінді. Біріншісіне мүлік, табыс көзі, қарыз, жылжымалы мүлік есе, екіншісіне — зергерлік бұйымдар, ескі бағалы заттар мен қорадағы мал саны да кіреді.

ДЕКЛАРАЦИЯ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Жалпы халықтық табыс декларациясы әрбір азаматтың тапқан табысы мен иелігіндегі мүлктің есебін беру. Яғни, көлденкелі айналымды, сыйбалас жемқорлық



Енап КАБА (Астана)

денгейін төмендетуге және мемлекеттік бюджетке қосымша түсімдерді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Тұрмыс пен табысты сәйкестендіруге сеп болатын науқанның басты талабы да сол, құны қыруар тұратын құндыз ішіктер мен қымбат көліктердің, атына жазылған жылжымайтын мүлікті қандай табыс көзіне алынғанын түсіндіру. Бағасы 500 мың теңгеден басталып, шексіздікке дейін жалғасып кететін жылжитын, жылжымайтын мүліктері, қымбат картиналары декларацияда көрсетіліп, қандай ақшаға келгенін қағаз жүзінде дәлелденуі керек. Ал түсіндіре алмаса немесе жасырып қалса, тауар бағасының 10 пайызы көлемінде айыппұл төлейді.

Жемқорларға тұсау болатын табыс декларациясы былтырдан бастап жүзеге аса бастады. Алғашқылардың бірі болып мемлекеттік қызметкерлер мен оларға тәнестірілген адамдар, оның ішінде квазимемлекеттік сектордың басшылары және олардың жұбайлары өздерінің жеке активтері мен міндеттемелерін тапсыруға кірісті. Сөйтіп, жыл сайын олардың 99%-ы салық есептілігін электронды түрде ұсынуы тиіс. Қаржы министрілігі Мемлекеттік кірістер комитеті басқарма басшысының орынбасары Айнур Сартаеваның айтуынша, жалпы декларациялаудың алда әлі 3 кезеңі бар. Келер жылы мемлекеттік мекемелер мен квазимемлекеттік сектор қызметкерлері және олардың жұбайлары активтері мен міндеттемелері туралы декларациясының екінші кезеңіне өтеді. 2024 жылы бизнес өкілдері, яғни заңды тұлғалар

мен жеке кәсіпкерлердің басшылары, құрылтайшылары жұбайларымен бірге декларация тапсыруға міндеттеледі. 2025 жылы елдегі қалған азаматтар да тапқан табысы туралы есеп беруі тиіс.

Жалпыға бірдей декларациялау жүйесіне 13 миллион адам кіреді. Алғашқы декларацияда жыл соңындағы жағдай бойынша қолда бар активтер мен міндеттемелер туралы мәліметтер көрсетіледі. Соның ішінде шет мемлекетте тіркелген не тіркеуге жататын жылжымайтын мүлік, көлік құралдары, шетелдегі банк шоттарындағы 1 000 еселенген айлық есептік көрсеткіштен асатын қаражаты қарастырылады. Бұдан басқа тұрғын үй құрылысына үлесі қатысу туралы шарт бойынша сомалар мен елден тыс жерде құрылған заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесі, бағалы қағаздар, туынды қаржы құралдары мен инвестициялық алтындыры, зияткерлік меншік, авторлық құқық объектілері де есептеледі. Сондай-ақ 10 мың айлық есептік көрсеткіш шегіндегі сомада көрсетілген қолма-қол ақша да декларацияда көрсетілуі тиіс. Мемлекеттік кірістер органына салық есептілігін уақытында ұсынбағандарға алдымен ескерту беріледі, ескертуді елемегендерге екінші рет 15 еселенген АЕК көлемінде айыппұл салынады. Мәліметтер толық емес немесе анық ұсынылмаса да, ескерту көзделген. Ескертуден кейін осындай қулыққа барғандарға 3 еселенген АЕК мөлшерінде айыппұл қарастырылады. Ал жеке тұлға салық төлеуден жалтару

мақсатында ірі мөлшерде, мәселен 20 000 еселенген АЕК мөлшерінен асатын салықты төлеуге қатысты міндеттеме тұтылап, табысын жасырып қалса, онда оған қатысты ақпарат құқық қорғау органдарына жіберіліп, қылмыстық іс қозғалады.

ШЕТЕЛДЕГІ ШОТ ТА ТҮГЕНДЕЛДІ

Елдегі азаматтардың айлығын есептеміз, ал қазақстандықтардың шетелдегі табысы қалай түгенделеді? Айнур Сартаеваның айтуынша, шекара сыртындағы табысты да жүйеден жасыру мүмкін емес. Өйткені комитеттің резиденттердің шетелдегі қаржылық шоттары туралы ақпаратты да автоматты түрде алуына мүмкіндігі бар. Сол үшін комитет Салық істері бойынша өзара әкімшілік көмек туралы конвенцияға қосылған. Конвенцияға қатысушы елдер шоттардағы қаражат қалдықтары, пайыздар, дивидендтер сомасы және қаржы шоттарындағы активтерге байланысты туындаған басқа да кірістер туралы ақпарат беруге міндеттелген. Орталықтандырылған ақпарат жүйесі арқылы қай елдің азаматының қай елдің қаржы ұйымдарында ақшасының «тығылып» жатқанын анықтауға жарты минут қана кетеді екен. Банкте қарызды барлар мен алименттен қашып жүргендерді шетелге жібермеу тәжірибесі секілді бұдан былай табыс көзінің қай жақтан келгенін анықтай алмағандар да уәжжай мен теміржол бекеттерінен ары қарай өте алмайды.

ӘЛЕМДІК ӘДІСТІ ЕНГІЗУГЕ ҚҰЛЫҚСЫЗ

Табыс декларациясындағы тәжірибені зерттеуге талай маман жібердік. Бірақ шекара асып келгендер шенділердің тапқанын тындап есептейтін ерекше тәсілдерді елде қолдануға асықпайтын секілді. Мысалы, Норвегияда кез келген адамның тапқан табысын білу қиындық тудырмайды. Әсіресе, шенеуніктердің жылдық табысы мен иелігіндегі дүние-мүлгі кіріс кітабында көрсетілген. Әр норвегиялық отбасылық жалақының толық тізімін және бұл адам қанша салық төлейтінін кез келген кітапханадағы сөредең табуға болады. Бұл ақпарат интернетте де қолжетімді. Аталған заңды Норвегия бізден кейін жоспарлаған. Есесіне, бізден бұрын қолданысқа енгізген.

Көрші Ресейде де мемқызметкерлердің шетелде актив ұстауына, қаражатын өзге елдердің банкіне салуына заң жүзінде тыйым салынған. Бұл талапты орындамаған адамдар Мемдума сайлауына да үміткер бола алмайды.

Көріп отырғанымыздай, өркениетті елдерде қабылданған заң халықтың тұрмысына қарай бейімделген. Ал бізде заңды айналып өтетін жолды алдымен қарастырамыз. Сондықтан бізде қаржысын шетел банкіне салып, тапқан табысын туысқандардың атына жаздыруға тыйым салатын заң жоқ. Мемлекеттің беріп отырған осы

мүмкіндігін молынан пайдаланып жатқандардың қатары көп. Қазақстандық шенеуніктердің жылжымайтын мүлікті де шетелден сатып алуды сөнге айналырғанын байқауға болады. Бүгінгі өзінде құзырлы органдар шенеуніктердің елден тыс, шетелде 2 млрд 697,6 млн теңгеді сомадағы қаражатты банктерде сақтап отырғанын анықтапты.

Саясаттанушы Зейін Сабырқұлов шенеуніктердің табысы және мүлік декларациясы қоғамға қолжетімді болу керек екенін айтып келеді. Олай болмаса, табысын толық беріп жатқанына күмән көп. Мәселен, 2013 жылы СКО әкімі Самат Ескендіров бір жылда 10,5 млн теңге табыс табатынын, иелігінде 5 сотық жер мен қарапайым ғана үйі бар екенін көрсеткен. Бірақ қарапайымдылығымен қуантқан әкімнің қалған байлығын 2018 жылы белгілі болды. Сол жылы экс-әкімінің отбасына тиесілі елордадағы коттедждің ұры түсіп, жүз миллион теңгеден астам сомаға қаражат пен алтын-күміс өшекейлерді жымқырып кеткені жарияланды. Қолды болған заттар арасында құны 50 мың долларға дейін баратын бриллиантты Rolex, Zenith, Ulysse Nardin, Cartier, Chopard секілді аса қымбат алтын сағаттар болған.

Декларациядағы жалған есептің сырғын қоғам мүшелері негізінен біледі. Себебі тапқан табыстың құжатта көрсетілген нұсқасы ғана есепке алынатынын «зерек» басшылар мен онтайлы етіп өзгертілген заңды бес сауағанды білетіндер ірі меншікті өз атына тіркемейді. Демек, отандық декларацияны енгізудің қалай жүзеге асатынына күмән көп. Өйткені декларация тапсырған әрбір азаматтың туысқандық тәркінің түгендеп, көрсетілген кіріс пен шығындардың сәйкес болуын қадағалау қажет. Жоғары лауазымды шенділердің арасында байлығын баласының, енесінің коттедждің енесінің атына жаздырып қоятын жағдайлары жиі кездеседі. Жыл сайын декларация тапсыратын қарапайым қызметкерлер де құжат жүзінде жұбайымен ажырасып, табысын туысқандарының атына жаздырады. Ал біздегі заң отбасы мүшесі ретінде күйеуі мен әйелі, балаларын ғана көрсетуге міндеттейді. Алайда біздің қоғамда туысқандықтың түрі көп. Әкесі мен шешесі, енесі мен атасы, жиені мен бөлесі де бөтеннің қатарына кірмейді. Айтпақшы, Мемлекеттік кірістер комитеті былтыр декларация тапсырған 497 мың адамның жартысынан көбі, яғни 54 пайызы е-Salyq Azamat мобильді қосымшалары арқылы тапсырғанын мәлімдеді. 40 пайызы «Салық төлеушінің кабинеті», 5 пайызы eGov.kz порталы арқылы ұсынған. Ал қағаз түрінде небәрі 414 адам немесе 0,1 пайызы ғана тапсырған. Бұл табыс көзін анықтайтын науқанға шалғай ауылдардағы ғаламтордың да сылтау емесін көрсетеді. Демек, табыс декларациясын тапсыруды әрбір азаматқа міндеттеуге мүдделі болмай отырған топтың барын түсіну қиындық тудырмайды.

Ипотека моноқалалардың мәселесін шешпейді

Қазақстанның қай өңірінде де Кеңес кезінде құрылған шағын жұмысшы қалашықтары кездеседі. Олардың тағдыры әртүрлі болғанымен, бәріне ортақ ұқсастық бар: шағын шаһарлар бір немесе екі жүйеқұраушы кәсіпорынның арқасында өмір сүріп жатыр. Халқының дені жергілікті өндіріс ошақтарында жұмыс істеп, күнделікті нәпақасын айырып жүр. Бірақ жылдан-жылға моноқалалардың тұрмысы тұралап барады...

Дәулет АСАУ

ТҮРМЫСЫ ТҮРАЛАҒАН ШАҒЫН ШАҺАРЛАР

Ел аумағында 89 қала болса, соның 27-сі (30 пайыз) моноқалалар санатына кіреді. Мұндай елді мекендерде шешімін таппай жатқан түйткілдер көп. Әлеуметтік-экономикалық және экологиялық мәселелер шаш етектен. Инженерлік инфрақұрылымы естен тандырарлық: Арқалық, Балқаш, Шахтинск, Теміртау сияқты қалаларда су және көріз құбырларының 90 пайызы тозған. Кейбір қалалардың жылу және электр тораптары — 55 пайызға, енді бірінде 85 пайызға ескірген. Автомобиль жолдарының 40 пайызы жарамсыз.

Жаңаөзен, Арқалық және басқа да шағын қалаларда шикізаттың таусылуына байланысты әлеуметтік жағдай шиелінісе түскен. Сондай-ақ әлем экономикасын көміртектендіруге байланысты құрамында көміртек көп отандық компаниялардың өнімдерін экспорттау қиындайтын түрі бар. Бұл проблема моноқалалардағы жүйеқұраушы кәсіпорындарға тікелей қатысты. Өнеркәсіптің өндірістік процестеріне цифрлық технологияны енгізу және автоматтандыру талабына сәйкес, алдағы уақытта шағын шаһарлардағы жұмыссыздық мәселесі тіпті ұлғайтып, тұрғындардың табысы төмендей түседі деген қауіп үлкен.

Соңғы 20 жылда моноқалалардағы халық саны екі есеге — 3-тен 1,5 млн адамға дейін кеміді. Ол мемлекет халқының 8 пайызын құрайды. Әйтсе де, экономикалық қиыншылықтарға байланысты тұрғындардың еңбекке жарамды бөлігі, әлі де тоқтаусыз көшіп жатыр. Сон-

дықтан шалғайдағы қалашықтарда жастардың қатары азайып, көрі-құртанның үлесі арта түскен. Егер республика бойынша егде адамдардың орташа көрсеткіші 7,8 пайыз болса, моноқалаларда ол 11 пайыздан асқан. Кейінгі екі жыл ішінде жергілікті кәсіпорындарда жұмыс істейтіндердің саны 5 пайызға азайған.

Дегенмен моноқалалардың ел экономикасын дамытуға едәуір үлес қосып отырғанын жоққа шығара алмаймыз. Жұмысшы қалашықтарында республикадағы өндірістік өнеркәсіп өнімдерінің 40 пайызға жуығы өндіріледі. Мұнай-газ, металлургия, химия өнеркәсібі және энергетика саласындағы белді кәсіпорындар осы шалғай өңірлерде шоғырланған.

Әйтсе де, әлі күнге дейін моноқалаларды өркендетуге қатысты нақты ұстаным мен ортақ пікір жоқ, олардың болашағы бұлыңғыр. Салдарынан жұрт жаппай үй-жайларын тастап, облыс орталықтары мен ірі қалаларға қоныс аударып жатыр. Мұндай жағдайда көшкен жұрттың соңында иесіз қалған нысандар мен коммуналдық тораптардың шығынын бюджеттің есебінен өтеуге және ұстап тұруға тура келеді.

Ұлттық экономиканың вице-министрі Әлішер Әбдіқалыровтың айтуынша, былтыр ел қалаларының 400 шақырымнан астам ішкі автожолдары мен инженерлік торабын жөндеуге республикалық бюджеттен 17 млрд теңге бөлінді.

«27 моноқалада жалпы саны 10 мың адамды жұмыспен қамтитын 60 ірі инвестициялық жобалар жүзеге асырылып жатыр. Кейінгі 3 жылда моноқалалардағы кәсіпкерлерге берілетін гранттар — 3,5 есе (63 млн-нан 218 млн теңгеге дейін), әлде де тоқтаусыз көшіп жатыр. Сон-

13,5 млрд теңгеге дейін), микро-несиеулеу — 1,7 есе (2,6 млрд-тан 4,5 млрд теңгеге дейін) өсті. Сондай-ақ Арқалықтың, Жезқазғанның және Жаңаөзеннің көлік түйығында орналасқан проблемасын шешу үшін теміржол желісі тартылды», — деді вице-министр.

Сондай-ақ шалғайдағы моноқалаларды еліміздің басқа өңірлерімен байланыстыратын көлік қатынасын қамтамасыз ету жайы қарастырылып отыр. Мәселен, Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша, 2023 жылдың соңына дейін Нұр-Сұлтан — Алматы жолы жаңаланып салынуы тиіс. Ол Балқаш қаласының экономикалық әлеуетін айтарлықтай өсіре түспекші. Ал 2024 жылы Жезқазған — Қызылорда автожолы аяқталмақшы. Сол арқылы Жезқазған — Сәтпаев қалаларының сауда-көлік байланысын күшейтіп, жұқ тасы-малын арттыруға ықпал ету жоспарланып отыр.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев былтыр жыл соңында Үкіметке барлық моноқалалардың экономикалық-әлеуметтік жағдайы бойынша сараптама әзірлеуді тапсырған болатын. Сараптамалық талдау 2022 жылдың 1 наурызына дейін дайын болып, содан соң ол қоғамның талқылауына түсуге тиіс.

ЕКІ ҚОЛҒА БІР КҮРЕК КЕРЕК

Моноқалалар проблемасы көп жылдар бойы көтеріліп келеді, бірақ одан тұрғындарының тұрмысы түзеліп, жағдайы жақсарып кете қойған жоқ. Жұмысшы қалашығының халқы жергілікті бірлі-жарым зауыттар мен кәсіпорындарда ауыр еңбекке жегіліп, күнкөрісі үшін содан тапқан азын-аулақ тиын-теңгеге қарап отыр. Расы сол, еліміздегі барша моноқалалардың өмір



Өнер БАШТАҚЫЗЫ (Астана)

сүру сапасы аймақтардағы осы жүйеқұраушы кәсіпорындардың тірлігіне байланып қалған. Сондықтан осы өндірістердің жұмысы тоқтаса, тұтас қаланың тіршілігі тоқтады дей беріңіз. Жұрттың көңілі осыған алаң. Болашағы бұлыңғыр шағын қалалардан көшіп жатқаны сондықтан.

Үкімет, әрине қарап отырған жоқ, моноқалаларды дамытып, тұрғындарына жайлы өмір жасап беру үшін түрлі тиен идеялар мен жаңа бағдарламалар ойлап табуда. Соның бірі — 20 жылға «жеңілдікпен» ипотекалық несие беру жайын қарастырып отыр. Яғни, «Отбасы банк» арқылы моноқалалардың тұрғындары үшін арнайы ипотека шарттарын пысықталып жатыр. Оның бастапқы жарнасы — 10 пайыз, сыйақы мөлшерлемесі — 5 пайызға, несиеулеу мерзімі 20 жылға дейін. Бірақ сарапшылар бұдан қарапайым тұрғындар емес, тек банктер пайда табатынын айтты.

«Шенеуніктер әлгіндей жеңілдетілген ипотека беру арқылы адамдарды моноқалаларға жіпсіз байлап қойып, жергілікті кәсіпорындарға мардымсыз жалақыға жұмысқа жекпек. Мәселен, Жамбыл облы-

сындағы Жанатас қаласында орташа жалақы — 45-50 мың теңге. Арқалық қаласындағы жалақы ең күштегенде 55 мың теңгеге әзер жетеді. Басқа шағын жұмысшы қалашықтарының бәріндегі жағдай — осы. Сөйтіп, адамдарды 20 жылға ипотека алуға мәжбүрлеп, арзан жұмыс күшін ұстап тұрғысы келеді», — дейді экономист Марат Абдрахманов.

Бұл жағдайда шенеуніктер бір окпен екі қоян атып алмақшы: адамдардың көшіп кетуі саябырсылды және кәсіпорындар жұмыс күшінсіз қалмайды. Енді осыны есептеп көрейік: жалақысы 50 мың теңгенің шамасында болатын жұмысшы Шахтинскінен 5 миллион теңгенің үйін алғысы келсе, оның алғашқы жарнасы үшін 500 мың теңге салып, сосын ай сайын банкке 30 мың теңге несие төлеп тұруы тиіс. Яғни, 20 жыл бойы жалақысының жартысынан астамын банкке беріп тұруға міндетті. Ал 5 пайыз сыйақы үшін ипотека алушы о баста алған соманың үстінен қосымша тағы 2,6 млн теңге төлейтін болады. Бұл — ипотекалық несиеңіз жартысынан асатын ақша. Осындай «жеңілдетілген» ипотеканы ойлап

тапқан шенеуніктер жұмысшының 20 жыл бойы қалай өмір сүріп, отбасын қалай асырай алады деген сұраққа мүлдем басын ауыртпаған сияқты. Шенеуніктердің шағын шаһарларды жандандыру үшін экологиялық таза кәсіпорынды іске қосу, жаңа жұмыс орындарын ашу, жол жөндеу, сумен қамтамасыз ету, мектеп-балабақша салу сияқты шараларды емес, жеңілдетілген ипотека беру бағдарламасын қолға алуының өзі қызық әрі түсініксіз. Бұл бағдарламаның моноқалалардың экономикасын дамытуға елеулі ықпал ететі деудің өзі қиынсыз.

Сарапшылардың айтуынша, моноқалалардағы тұрмысты түзеу үшін жергілікті кәсіпорындардың айналысын сервистік экономика қалыптастыру қажет. Адам зауытта жұмыс істеп, одан жалақысын алады. Оны дүкеннен азық-түлік, дәрі-ханадан дәрі-дәрмек алуға жұмсайды, шаһараға барып шаш қидырып, кафелер мен сауда үйлерінде сауық құрады. Яғни, оның зауыттан алған жалақысы экономикалық айналымға түседі, одан шығым және орта бизнес дамиды. Шалғайдағы ағайын үшін ең бастысы екі қолға бір күрек керек.

КИНО КӨШІ БАСТАЛДЫ

Талқылаулар нәтиже бере ме?

Мәжілісте «Кинематография туралы» заңды талқылау басталды. Талқылауға киноға жауапты мамандар мен сарапшылар топтасқан. Заң жобасы биыл қабылдануы тиіс. Тәуелсіз сарапшылар мен депутаттардан құралған жұмыс тобы қандай талқылаулар өткізіп жатыр? Заңға қандай өзгерістер мен түзетулер енгізіледі?

Айым БЕКТҮР

Естеріңізде болса, былтыр Мәдениет министрлігі бұл мәселеге орай заң жобасына түзетулер сөздердің орфографиялық нормалары мен тәртібін сақтаудың, олардың дұрыс құрастырылуы мен айтылуын қамтамасыз ету үшін тиісті нормалар қабылданды деген еді.

«Қазір мүдделі органдар, қоғамдық ұйымдар өкілдерінен және кинематография қайраткерлерінен жасақталған жұмыс тобы құрылды. Бүгінде жұмыс тобы 10-нан астам отырыс өткізді. Онда кинематографияның киноэкономикалық нормалары мен тәртібін сақтауға қажетті өзгерістерді қазақ тіліне дубляжға бөлігіндегі өзекті мәселелер талқыланды. Орындалуы алдағы уақытта да жобалық кеңсе арқылы қадағаланады. Айта кетейік, бүгінде қазақ тіліндегі 35-тен астам фильм прокатқа шығып, де-мәушілер 1,4 миллиард тенге бөлі. «Жол картасына сәйкес, 2022 жылы заңды қабылдау жоспарланып отыр», — деген еді Мәдениет министрлігі.

Сарапшылар, әсіресе заңның 9-бабын қайта қарап, кеңейтілген қоғамдық талқы ұйымдастыруды ұсынып отыр. Ал бұл бап «фильмдерді прокаттау тілі» мәселесін қамтиды. Мамандардың айтуынша, заңға сәйкес, Қазақстан Республикасының аумағында фильмдерді прокаттау қазақ тілінде және басқа да тілдерде жүзеге асырылады. Еліміздің аумағындағы кинозалдар мен осы мақсаттарға арналған өзге де орындарда фильмдер қазақ тіліне дубляж жасалуға не субтитрленуіне не қадір сыртындағы аудармамен қамтамасыз етілуі тиіс. Яғни кинотеатрларға прокаттағы фильмдерді қазақша тәсілін таңдауға еркіндік берілген. Бүгінде көпшілік кинотеатрлар заң талабын субтитрлеу арқылы орындап отыр деуге болады. Бірақ субтитрдің сапасы көрермен көңілінен шыға ма? Соңғы жылдары аударма тілінің

жұтандығы, субтитрлердің сапасы сын көтермейтіні туралы жиі мәселе қозғалып жүр. Сондықтан жаңа заңда фильмдерді субтитр арқылы емес, дыбыстау, яғни дубляжға арқылы қазақ тіліне аудару мәселесі міндетті талап ретінде ұсынылуы керек. Мұны сарапшылар да қолдап отыр.

Сондай-ақ жұмыс тобы шығарылатын барлық ұлттық картиналардың көшірмелерін, материалдары мен реквизиттерін сақтау жөніндегі Мемлекеттік кино қорының функцияларын «Ш.Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясына берген дұрыс дейді.

«Мәселе — ең алдымен киноиндустрия моделіндегі өзгерістерде тұр, бастысы Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығы мен «Қазақфильмнің» міндеттерін айқындап, бөліп беру керек. Біреуі фильмдерді қаржыландырумен, қолдаумен және

дейді Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығының баспасөз хатшысы Жангелді Өмірәлиев.

Өмірәлиевтің айтуынша, орталық қазір министрлікпен бірлесіп отырып, заңға қажетті өзгерістер мен толықтыруларды енгізу бойынша белсенді жұмыс атқарылып жатыр. Бұрынғы Заңның кем-кетігін толтырып, маңызды аспектілері ескерілетін болады. «Кинематография туралы» ҚР заңын жетілдіру бүкіл қазақстандық кино индустриясын дамытуға жана серпін беретінін тағы да атап өткен жөн.

Продюсер Қанат Төрәбай да сарапшылардың қатарында жұмыс тобына енген. «Қазір заң қаралып, өзгерістер талқыланып жатыр. Жұмыс тобының ішінде Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығының қызметкерлері де, Киногерлер одағының

Не десек те, отандық кино нарығында шетелдік фильмдердің үлесі жоғары. Қазақстандық фильмдер өте аз. Оның көбі жекеменшік кинокомпанияларға тиесілі. Отандық кино нарығын реттеу үшін ең алдымен прокатты реттеу қажет.

прокатпен айналысса, екіншісі, біздің пікірімізше, қазақстандық кинематографтың барлық резиденттері үшін кино саласында қызмет көрсетумен айналысуы тиіс. Міне осы мәселе шешілгенде, өзгерістер анық болады. Сонымен бірге жеке ойыншыларға қызығушылық таныту үшін қаржыландыру шарттарын өзгерту керек. Себебі қазіргі қолданыстағы заңмен, оларға конкурста қатысу мүлдем қызықсыз және тиімсіз. Және де бізде шетелдік фильмдерді қазақ тіліне дубляжға бойынша өткір мәселе бар, бұл жағдайда біздің ұстанымымыз — біз тек қазақстандық фильмдерді қаржыландыруымыз керек. Осы мәселе бойынша да біз заңға ұсыныс дайындап жатырмыз», —

өкілдері де бар. Негізінен, бұл заңды ашық талқылауға шығару керек. Яғни, қоғам болып талқылау қажет. Өйткені бұл өнер адамдарының, кино саласында жүрген мамандардың ертеңгі тағдырына әсер ететін маңызды құжат. Жалпы, бізде кино саласын реттейтін заңның бекітілгеніне көп болған жоқ. Оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу қалыпты жайт. Ресей Кино туралы заңын бекіткеніне 23 жылдан асты. Әлі күнге жыл сайын өзгертулер мен толықтырулар енгізіліп отырады. Кем-кетігін түгендейді. Неге? Кино саласы бір қалыпта қатып қалмайды. Өзгеріп отырады. Дамиды», — дейді Қанат Төрәбай.

Продюсер әзірге талқылау жүріп жатқанын, нақты қалай бекітілетінін



Еламп ҚАБА (Киногерлер)

уақыт көрсететінін айтып отыр. Бастысы, кино саласында жүрген мамандардың көкейінде жүрген мәселенің бәрі қамтылғаны дұрыс деп отыр.

Соңғы жылдары кино саласы десе, ең алдымен дубляж мәселесі ауызға ілігеді. Жазушы Смағұл Елубай «дубляждағы кемшіліктерді түзетпей, сыннан арла алмаймыз», — дейді. Яғни, жаңа заң қабылданып, жолға қойылса, аударма саласы да түзелетін болады. «Қазақ тіліндегі фильмдерге көрермен бармайды» деген пікір көп айтылады. «Ұсыныс жоқ» дейді. Бұл — дұрыс емес. Қазақ тіліндегі фильмдерге арқашан сұраныс бар» деген еді жазушы. Сұраныстың бар екенін жекеменшік кинокомпаниялар дәлелдеп жүр. Мәселен, Нұрлан Қоянбаевтың «Түркиядағы қазақша бизнес» не болмаса «Кореядағы қазақша бизнес» фильмдерінің қазақ тіліндегі нұсқасына көрермен көп барды. Әрі продюсер де осы фильмдері арқылы жақсы табыс тапты. Мәселен, бір

ғана «Кореядағы қазақша бизнес» фильмі 2020 жылы рекорд орнатып, 1 миллиард 40 миллион тапқан еді.

Не десек те, отандық кино нарығында шетелдік фильмдердің үлесі жоғары. Қазақстандық фильмдер аз. Оның көбі жекеменшік кинокомпанияларға тиесілі. Отандық кино нарығын реттеу үшін ең алдымен прокатты реттеу қажет. Осы орайда сарапшылар прокат мәселесін шешуді де алғашқы орынға қойып отыр. Заңда түзету енгізілуі тиіс баптың бірі — осы прокат мәселесіне қатысты. Қазақ режиссерлері прокат реттелсе, табыс та молайды деген сенімде. Карантин шектеулері алына, кино индустриясы да қалыпты жағдайға оралатын болады. Сондықтан заңға қажетті түзетулер мен өзгертулерді осы бастан реттеп алмақ, ертең «қолымызды мезгілінен кеш сермейтін» боламыз. Киногер қауымының да, сарапшылардың да ұсыныстары осыған тіреледі.

ТӨРТ КҮНДЕ ТІРЛІК ТЫНА МА?



Еламп ҚАБА (Коллаж)

Испания, Исландия, Финляндия мен Біріккен Араб Әмірліктері қысқартылған жұмыс аптасына көшті. Жаңында бұл тізімге Бельгия да қосылды. Зерттеу нәтижелері бойынша, мұндай өзгерістен қызметкерлердің жұмыс сапасы артпаса, кемімеген. Осылайша, адам капиталын бірінші орынға қоятын Еуропа елдерінің тәжірибесі көп жұмыс істеуден гөрі тиімді еңбек етудің жөн екенін көрсетті. Төрт күндік жұмыстың тиімділігі қандай? Қазақстан қысқартылған жұмыс аптасына өтуі мүмкін бе?

Көктем ҚАРҚЫН

«Төрт күн жұмыс істейді екен» деген жаңалықты естігенде елен етпеген жан болған жоқ. Жүйелі түрде, кезеңімен бұл межеге ұмтылып келе жатқан елдердің тәжірибесіне қызығып қарайтындық баршылық. Төрт күндік жұмыс дегеніміз — аптасына 32 сағат жұмыс істеу. Бұл бүгін ғана басталған құбылыс емес, Халықаралық еңбек ұйымының ұсынысымен осыдан он шақты жыл бұрын жаппай етек алған болатын. Тарихқа көз салсақ, бұл режим өткен ғасырда пайда болған. Англиялық Roundpay Metal Finishers компаниясы 1965 жылы аптасына төрт күндік жұмыс режимін енгізген. Аптадағы жұмыс күнін қысқарту арқылы компания басшылығы әлеуметтік және коммуналдық шығынды азайтпақ болыпты. Бірақ аптасына 40 сағат жұмыс сақталған, яғни жұмадағы уақыт қалған күндерге бөлінген. Компания сол кездегі есебінде бұл тәжірибе сәтті болғанын жазған.

Кейін мұндай бастаманы көптеген ірі компаниялар да қолданып көріпті.

КҮЙЗЕЛІСПЕН КҮРЕС

Соңғы он жылда төрт күн жұмыс істеуге ауысқандар не ауысуға тырысқандар көп болды. Әсіресе, пандемия басталғалы дәстүрлі форматта жұмыс істеудің кемшіліктері байқалды. Осы жағдайға байланысты Жаңа Зеландия, Жапония мен Ұлыбритания елдері төрт күндік жұмыс аптасына көшудің жолдарын қарастыра бастады. Олардың бұл мәселеге деген қызығушылығын оятқан Microsoft компаниясының Жапониядағы филиалының зерттеу нәтижесі. Аталған компания 4 күндік жұмыс аптасына көшкеннен кейін қызметкерлердің өндірістік қуаты 40 пайызға артып, электр мен жылуға кеткен қаражат үнемделген. Қағаз да аз жұмсалған. Жұмысшылар бұрынғыдан 25 пайызға аз сұраныпты.

2018 жылы Жаңа Зеландиядағы Regretful Guardian компаниясы да тәжірибе жасап көрді. Компанияның 240 қызметкері аптасына төрт

күн 30 сағат жұмыс істеуге көшкен. Нәтижесінде, жұмыс уақыты азайған қызметкерлер пайда көп түсіре бастаған. Яғни, жұмысшылар белсенді бола түскен. Жұмыс бары-

Өйткені бұл режим азаматтардың денсаулығына назар аударуына, кәсіби тұрғыда дамуына, жұмыс тиімділігінің артуына оң ықпал етеді. Бұдан бөлек, бос уақыты артқан жұмысшылар спортпен шұғылдануына мүмкіндік алады. Дәрігерлер ұзақ жұмыс күнінің салдарынан әлемде жыл сайын 700 мың адамның түрлі ауруға ұшырайтынын дәлелдеді. Ал 4 күн жұмыс істеп, 3 күн демалатын Исландия, Жапония халқының өмір сүру жасы ұзақ.

сындағы кездесулер де азайған, себебі қызметкер барлық міндетін орындау үшін уақытты үнемдеуге көшкен. Сонымен қатар қызметкерлердің күйзеліске түсуі 45-тен 38 пайызға азайған. Ал жұмыс пен жеке өмір арасындағы үйлесім 54-тен 78 пайызға артқан. Осы тәжірибені бағалағаннан кейін компания толығымен төрт күндік жұмыс аптасына ауысқан. Бірақ барлық қызметкердің жалақысы

сакталған. Өндіріс деңгейі көтеріліп, табыс қысқармаған, есесіне компания энергия, коммуналдық шығынын азайтыпты. Кейбір елдерде 32 сағаттық жұмыс жүйесіне көшкеннен кейін жұмысшылардың өндіріс, тұрмысқа деген ынтасы күшейіп, жанұясына көңіл бөлетін уақыты артып, ағайын-туыстарымен қарым-қатынасы жақсара түскен. Бұл өз кезегінде рухани қысым мен күйзелісті азайтып, жұмысшылардың жүйке ауруына шалдығуын төмендеткен.

Шыны керек, қызметкерлер үнемі жетістікке жетемін деп уақыт өткен сайын қажиды, стреске түседі. Дәрігер Мыңжылқы Бердіқожаевтың айтуынша, келешек — төрт күндік жұмыс аптасында. Өйткені бұл режим азаматтардың денсаулығына назар аударуына, кәсіби тұрғыда дамуына, жұмыс тиімділігінің артуына оң ықпал етеді. Бұдан бөлек, бос уақыты артқан жұмысшылар спортпен шұғылдануына мүмкіндік алады. Дәрігерлер ұзақ жұмыс күнінің салдарынан әлемде жыл сайын 700 мың адамның түрлі ауруға ұшырайтынын дәлелдеді. Ал 4 күн жұмыс істеп, 3 күн демалатын Исландия, Жапония халқының өмір сүру жасы ұзақ.

— Адам демалған кезде, біріншіден, миын тынықтырады. Істе-

аз емес. Бұл жағдай көрші Ресейде жасалған тәжірибеден байқалды. Ресейлік қоғамдық пікірді зерттеу орталығының мәліметінше, Ресей халқының 48 пайызы бес күндік жұмыс күні қала бергенін қалайды екен. Себебі олар жұмыс аптасы қысқарса, жалақы азаяды деп ойлаған. Ал төрт күндік жұмыс күніне өту сауалнамасына қатысқандардың 29 пайызы қолдаса, 17 пайызы бәрбір деген сынай таңытқан. Тек Мәскеу мен Санкт-Петербург тұрғындары ғана төрт күндік жұмыс аптасына өтуі қуана қолдаған.

ЕҢБЕК НАРЫҒЫ ДАЙЫН БА?

Қолданыстағы еңбек заңнамасы бойынша, егер жұмыс беруші қарсы болмаса, аптасына төрт күн жұмыс істеу мүмкіндігі біздің елімізде де бар.

— Қазір заңнама бойынша төрт күн жұмыс істейміз деген мекемелер мен қызметкерлерге ешқандай кедергі жоқ. Қызметкер жұмыс берушімен арнайы келісімшарт жасау арқылы толық емес жұмыс аптасына ауыса алады. Еңбек кодексінде бұл мәселе жан-жақты қаралған. Ал жұмыс берушінің жалақыны өзгертуге мүмкіндігі бар. Сондықтан бұл жағдай қызметтің өнімділігіне тиімді болса да, материалдық жағынан шығын әкелуі әбден мүмкін, — дейді «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ департаменті директоры Ерасыл Жұманбаев.

Иә, 32 сағаттық жұмыс режимі мектептер мен емханалардың қызмет жүйесіне кері әсер етуі де мүмкін. Бірақ ғылым мен техника бүгінгідей дамыса, болашақта көптеген елдер 4 күндік жұмыс аптасына көшетіні анық. Сондықтан елімізде бұл әдісті қазірден бастап сынақтан өткізгені абзал. ҚР Еңбек кодексінің 77-бабына сәйкес, жұмыс уақытының қалыпты ұзақтығы аптасына 40 сағаттан аспауы керек. Алайда, елімізде кодекстегі осы норма жиі бұзылады. Өйткені көптеген жұмыс берушілер қызметкерлердің көз алдында жұмыс істеп, ұзағырақ жүргенін қалайды. Мемлекеттік мекемелер мен кейбір кәсіпорындардың қызметкерлері жұмыс уақыты бітсе де түнімен қалып жұмыс істейді. Демалыс күндері де жұмысқа шығатындар

бар. Ал қызметкерлер демалып, отбасына көңіл бөлгісі келеді. Мұның соңы екі тараптың түсініспеушілігіне, еңбек кикілжіңіне әкеліп соғуы мүмкін. Сондықтан 4 күндік жұмыс аптасына көшу осы мәселені ұтымды шешуге үлкен септігін тигізеді. Алайда әлеуметтанушы Шыңғыс Төрейдің пікірінше төрт күндік жұмыс тәжірибесін дәл қазір елімізге әкелуі тиімсіз. Дамыған елдердегі еңбек өнімділігін Қазақстанмен салыстыруға келмейді. Себебі экономиканың даму қарқыны мен жұмыс күшіндегі айырмашылықтар жер мен көктей.

— Егер барлық мекемелер жаппай қысқартылған жұмыс аптасына ауысса, әр мекеме еңбек өнімділігін арттыруды өздерінше қарастыра ма еді. Ал жеке кәсіпкерлік 4 күн істеп, мемлекеттік мекемелер 5 күн жұмыс істесе, жағдай оғанда қиындай түсуі мүмкін. Сондықтан төрт күндік жұмыс тиімді болса да, Қазақстанға әлі ерте, — дейді DATAmetrics консалтинг компаниясының сарапшысы Шыңғыс Төрес.

Қазір еліміздегі әрбір үшінші неке ажырасумен аяқталады. Отбасы институтының әлсіреуі бала тәрбиесіне де кері әсерін тигізуде. Тіпті, қаладағы қазақ пен ауылдағы ағайынның арасы алыстап кеткелі қашан? 3 күндік демалыс жердің шалғайлығына қарамастан туыстардың арасын жақындатпайды. Шыңғыс Төрейдің айтуынша әр азамат өмірін 30 пайызын ғана жұмысқа арнап, қалған 70 пайызын жеке дамуына бөлуі керек. Сонда еліміздегі адам капиталы да дами-ды. Ал бұл дәрежеге жету үшін жұмыс берушілер реттеуіміз қажет.

Әлем бұрын 6 күндік, кейін 5 күндік жұмыс аптасына көшкенін ескерсек, болашақта 4 күндік жұмыс аптасына көшудің де ауылы алыс емес. Қаптаған ақпарат ағыны мен жұмыстағы стресс адамдарды рухани күйзеліске түсіреді. Егер кез келген қызметкерге бір аптаның тірілігін төрт күнде істеп, демала бер десе, ол жұмыста істейтін артық күрлігін тияр еді. Осылайша, бес күннің жұмысы төрт күнде де бітеді. Сондықтан еліміздің ең бірінші байлығы адам капиталы екенін естен шығармағанымыз абзал.

Атырауда қаңғыбас балалар азаймай тұр

Атырауда көмелет жасына толмағандар түрлі себептермен үйлерінен шығып кетіп, ата-анасы мен тұрғындарды, полицейлерді әбгерге салуда. Атыраулық полицейлер былтыр белгісіз бағытта жоғалып кеткен елуге жуық жасөспірімді тауып, үйіне жеткізген. Өкінішке қарай, қайтыс болғандар бар. Атырау облысының көмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотына келіп түскен арыз, талап арыздардың дені ата-ана құқығынан айыру немесе шектеу жөнінде болуы мәселені күрделендіріп тұр.



Еркешан ДУЙСӨБАТОВ (қолында)

Жасөспірімдердің көбі ата-анасын хабарлар етпей үйлерінен кетіп қалуының себебіне келсек, әдетте көпшілігі ата-анасымен келіспей қалса, енді бірі ата-анасынан көз жазып қалады. Былтыр Атырау қаласы Полиция басқармасының 102 арнасына жасөспірім балаларының үйінен шығып кетіп, қайта оралмағаны бойынша тұрғындардан 46 арыз түскен.

Іздеу амалдары сәтті болып, барлық жасөспірімді полиция қызметкерлері аман-есен тауып, ата-аналарына табыстаған.

ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРІ 9 БАЛА ҮЙІНЕН КЕТПІП ҚАЛҒАН

Биыл қантар айында өткен «Жасөспірім» жедел-профилактикалық алдын алу іс-шарасы бас-

талған алғашқы төрт күн ішінде тәртіп сақшылары түнгі сағат 23.00-ден кейін заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз тұрғын-жайдан тыс жерде жүрген 30 жасөспірімді анықтап, олардың ата-аналарын Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстің 442-бабының 2 бөлімімен әкімшілік жауапкершілікке тартты. Одан басқа, көмелетке толмаған балаларын тәрбиелеу және оған білім беру, оның құқықтары мен мүдделерін қорғау жөніндегі міндеттерін орындамаған 6 ата-ана анықталып, оларға қатысты ӘҚБтК-нің 127-бабымен әкімшілік хаттамалар жасакталып, жинақталған іс-құжаттар заңды шешім қабылдау үшін сотқа жолданған.

— Үйінен ұдайы кетіп қалатын жасөспірімдер де бар. Мәселен, бір

жеткіншек үйінен 3 рет кетіп, қайта оралғысы келмеген. Қаңғыбастыққа салынған жасөспірімнің ата-анасы әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Онымен қоса ол ішкі істер органдарының есебіне алынды. Жалпы, жасөспірімге қай уақытта да ата-аналар жауапты болуы керек деп есептеймін, — дейді ювеналды полиция бөлімшесінің бастығы, полиция майоры Азамат Қарамұратов. Осындай оқиғаларды болдырмау үшін ювеналды полиция өкілдері ата-аналардан балаларына көбірек көңіл бөлуі де балабаларының қызығушылықтары мен бос уақытта немен шұғылданытынын хабарлау болуы ескертсе де бала жоғалу оқиғалары азаяр емес.

Айталық, биыл жыл басынан бері үйінен 9 бала қашып кеткен.

Сегіз бала аман табылып, серуендеп кетуге жалғыз шыққан 9 жастағы баланың денесін туған-туыс, тұрғындармен бірге іздеген төтенше жағдай департаменті қызметкерлері Перетасқа каналынан тапты.

Өз еркінше қыдыруға кетіп отбасын да, жергілікті тұрғындар мен полиция қызметкерлерін де әуреге салғандармен бірге аласып қалу, балалықпен ойнап кету оқиғалары да жиі кездеседі.

Балалары таба алмай 102 нөміріне қонырау шалу соңғы екі жылда көп тіркеліпті. Былтыр облыста 51 бала үйлерінен шығып кетіп, оларды іздеуге арнаулы құрылым жұмылдырылған.

Атырау облысы Полиция департаменті Жергілікті полиция қызметі басқармасы Ювеналды

полиция тобының ерекше тапсырмалар жөніндегі аға инспекторы, полиция подполковнигі Орынғұл Қошқалиеваның айтуынша, көбіне өз бетінше қыдыруға шығатындар тобына 2-10 жас аралығындағы балалар кіреді. Олар әдетте мұндай әрекетті қасақана жасайды. Ал қасақана өз бетімен қыдыруға ниет білдіретін топтарға келетін болсақ олар 11-18 жас аралығындағылар.

— Жасөспірімдердің жоғалуы мен түрлі қылмыстарға ойналбай ұрынатын ескеріп, өз тарапымыздан жауапты құрылымдарға көмелетке толмағандарды отбасындағы тәрбиеге аса мән беруге, балалар ойнайтын алаңдарды көбейтуге, жазда суға түсетін орындардың ересектердің бақылауымен ашуға, білім беру ұйымдарында сабақтан тыс тәрбиелік шараларға тарту, ұжымдар арасында бала тәрбиесіне ата-ананың тікелей жауапты екенін жеткізетін кездесуді жиі өткізуге, мәдени, спорттық шараларға қатысуды тегін ұйымдастыруға, тіпті мүмкіндік болса бұрынғы кеңестік тәрбиені жана бағытта жандандырып қабылдауды қайта қарауға ұсыныс білдіремін, — дейді Орынғұл Қошқалиева.

ОТБАСЫНДАҒЫ БЕРЕКЕСІЗДІКТЕН БАЛАЛАР ЗАРДАП ШЕГІП ЖАТЫР

Жуырда Атырау облысының көмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының өткен жылы атқарған жұмыстары сараланған брифинг өтті. Аталған соттың төрағасы А.Ташенова мен судья Ғизатолла Отарұлының қатысуымен өткен брифингте айтылған деректерге сүйенсек, өңірде көмелет жасына толмағандармен жұмыс істеуде көптеген кемшіліктер бар.

Сотқа келіп түскен талап арыздардың дені ата-аналық құқығынан

айыру немесе шектеу жөнінде. Әкелікті анықтау және алимент өндіру мен алимент мөлшерін өзгерту, азайту туралы арыз тіптен көп. Баланың тұрғылықты жерін анықтау мен баламен кездесу уақытын белгілеу жөнінде талап арыздардың көптігі бала құқығының аяқасты болуына себеп болып отыр.

Статистикалық мәліметтерге сәйкес есепті мерзімде сот өндірісіне түскен 36 істің ішінде көмелет жасқа толмаған 11 адамға қатысты 9 қылмыстық іс бар. Осы 9 істі тарқатып айтсақ, ұрлық, тонау, бұзақылық пен денсаулыққа қасақана ауырлығы орташа зиян келтіру тәртізді деректер тіркеліпті. Қылмыс жасағандар 14 пен 17 жас аралығында болған. Бас бостандығынан шектелгендердің арасында көмелетке толмағандар да бар.

Бұл деректердің барлығы да алдымен отбасындағы жағдайлардың балаға әсер етуінен болып отырғаны сөзсіз. Ата-ана арасындағы түсінібеушілік пен ажырасудың салдары балаға тиіп отыр.

Былтыр сот өндірісіне 388 тұлғаға қатысты әкімшілік құқықбұзушылық іс түсіп, барлығы қаралып, аяқталған.

Брифингте спикерлер ата-ананың немесе басқа да заңды өкілдердің көмелетке толмаған балаларды тәрбиелеу мен оқыту жөніндегі міндеттерді орындамауы алаңдатып отырғанын айтты. Бесіктен белі шықпай жатып алкогольді ішімдіктерді ішу немесе қоғамдық орындарда масан күйде келу, түнгі уақытта ойын-сауық мекемелерінде немесе тұрғынжай-дам тыс жерде болу дерегі де жоғары көрсеткіште тұр.

Тұрсын ЖҰМАБЕКҚЫЗЫ,
Атырау облысы

«Тараз» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының жұмысы көңіл көншітпей тұр. Былтырдан бері атқарған қызметі сын садағына ілінген мекеме биыл да жүрісінен жаңылып отыр. Әсіресе, «Жамбылдықтардың тұрмыстық табысын арттыру» пилоттық жобасы жүйесін таппай, тура жолдан тайды. Осы және өзге де мәселелерді қараған облыс әкімі Бердібек Сапарбаев «Тараз» ӘКК» АҚ Басқарма төрағасы Нұрғали Көрпетаевтың есебін жоққа шығарды.

Корпорация қызметіндегі мін түзелмеді

Жалпы, мекеменің өткен жылғы бес айдағы жұмысы да қатаң сынға алынған. Ол кезде іске аспай жатқан инвестициялық жобалар күн тәртібіне көтерілген. Олар — «Қаралма» спорттық-туристік базасының құрылысы, Меркі ауданында ауысу өндіру және Тараз қаласында автомобиль газ құю стансаларының желісін құру жоба лары. Сол тұста «Тараз» ӘКК» АҚ өкілдері «Жобалардан шығу және инвестицияларды қайтару бойынша жұмыстар жүргізіп жатырмыз» деп ақталған. Алайда «Тараз» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ-ның басшысы Нұрғали Көрпетаев кәсіпкерлікті қолдау мақсатында жобаларға бөлінген қаржының мақсатты әлде мақсатсыз жұмсалғанын деп басып айтып бере алмады. Атап айтсақ, корпорацияның «Мерке-Финанс-кредит» филиалы арқылы Сарысу мен Талас аудандарының тұрғындарына көсіп ашу үшін 120 миллион теңге берілгенімен, басқарма филиалдан бірде-бір аппарат ала алмаған. Сондай-ақ әлеуметтік дүкендерде азық-түлік түрлері де таусылып, күнбағыс майы 73 теңгеге қымбаттап кеткен.

Сыннан сабақ шығаралды деп үміттенген корпорацияның наурыз айында да басы дауға қалды. Оған себеп — бағаны бақылауда ұстайды делінген мекеме тұрақтандыру қорына берілген 632 миллион теңгенің қайда жұмсалғанын түсіндіріп бере алмады. Нақтырақ айтсақ, «Көкжиек» ЖШС қаңтар-ақпан аралығына белгіленген 25 миллион теңге өнімінің тек 5,6 миллион теңгелік өнімін ғана өткерсе, «БМК» ЖШС-не берілген 26 миллион теңгенің тек 7,6 миллион теңгесі игерілген. Ал қартон өндірушілерге берілген 127 миллион теңге несненің есебі болса, мүлде жасалмағаны белгілі болды.

Мұндай жүйесіз жұмыс билік-тегілердің гана емес шаруалардың да шамына тиі. Еңбек адамдарының атынан сөз алған Жуалы ауданындағы «Злиха» шаруа қожалығының төрағасы Керімкүл Бегалиев корпорациядан еш көмек жоқ екенін ашып айтты.

— «Тараз» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы» мекемесінің негізгі жұмыстарының бірі — бағаны тұрақтандыру. Алайда олардың өздерінің қоймалары жоқ. Содан олар сапасыз арзан дүниені сатып алады да, сауда орындарына дер кезінде жеткізіп бермейді. Бір ғана Жуалы ауданын мысалға алсақ, көктемнің кезінде қартонның отаны саналатын елді мекемеде қартон бағасы 340 теңгеге шырықпай кетті. Оған себеп — өнімінің бөріні алыпсатарлар егістік басынан сатып алып кеткен. Нәтижесінде жергілікті билік қартонды Пәкістан, Иран сияқты мемлекеттерден өкелуіне тура келді. Менің өзімнің үш қоймам халықты мамыр айына дейін қартонмен қамти алады. Алайда жалғыз менің шаруашылығым бүкіл облысты қартонмен қамтамасыз етуге қауқарлы емес. Сондықтан корпор-

ацияның өз қоймасы болып, келісім-шарт негізінде шаруалардың өнімін егістік басынан сатып алатын болса, бағаға қатысты қиындық туындамас еді, — дейді шаруа К.Бегалиев.

Сонымен қатар шаруалар «Инвесторлар мен кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығының» ашылғанын естігенін, бірақ жұмысын білмейтінін айтты. Себебі үгіт-насихат жұмыстары мүлде жоқ. Ондағы мамандар ауылдарды аралап, түсіндіру жұмыстарын жүргізбепті. «Ал «Әлеуметтік дүкендерді» ашуға да аудан өкілдері құлықты емес. Өйткені корпорация тарапынан оларға ешқандай көмек жоқ. Өздерінің қоймалары болмағандықтан өзгені қалай жарылқасын?», — дейді шаруалар.

Былтыр бірқатар өңірде қуаңшылық болып, шөп жетіспеушілігі туралы айтылып жатты. Алайда Жамбыл облысында шөп жетеді. Бірақ шаруалардың соны шауып алатын техникасы мен жанармайы жоқ. «Корпорация осы жағынан көмектесе, бұл түйткілді де түйіні тарқар еді» деген пікір білдірді шаруалар.

Осылайша, еңбек адамдары кәсіпкерлерді қолдау мекемесінің «атына заты сай болса» деген тілектерін жеткізген. Алайда жыл бастала сала корпорацияның жұмысы тағы сыналып жатыр.

— «Тараз» ӘКК» АҚ-ның негізгі мақсаты — инвестиция тарту. 10 аудандағы өкілдеріміз бұл үдеден шықпақ түгілі негізсіз жалақа алып келген. Ал пилоттық жоба аясында бұған дейін облыс бойынша 11 ауылдық округке 45 мың бас мал әкелінді дейсіздер. Бірақ іс жүзінде олардың нақты саны белгісіз.

Пилоттық жоба аясында жұмыссыздардың саны азайды ма? Бір жарым жылдан бері тиісті талдау жұмыстары жүргізілмеген, — деген облыс әкімі мекеме мен айналысып отырғанын білмейтінін қатаң сынға алды.

Сондай-ақ аймақ басшысы кейбір әлеуметтік маңызды бар тауарлар бағасының шекті деңгейден асып кеткенін баса айтты.

— Бағаны бақылауда ұстау. Корпорацияның жұмысын ұтымды үйлестіру. Инвестиция тарту. Қолға алынған жобалардың нәтижелері бойынша нақты талдаулар жүргізілмеген, — деген Бердібек Сапарбаев мекеме басшысына талапты тапсырмаларын жүктелді.

Иә, байқап тұрсақ «Тараз» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы сынан сабақ шығармақ түгілі, күн өткен сайын бағытынан айнуа. Бұл, әрине, мекеме басшылығына да, оның қызметін тұтынып отырған кәсіпкерлерге де жақсылық әкелмейтіні анық. Сондықтан осы бағытта нақты бір шешім қабылдау керек сияқты...

Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы

Емхана ұжымы мұңын кімге айтады?

Соңғы кездері Шымкент қаласының медицина саласында түсініспеушілік жиі кездесетін болып жүр. Мәселенің басым бөлігі сенімгерлік басқаруға беруден туындап отыр.

ҮАДЕ ЕТІЛГЕН ҮСТЕМАҚЫ МЕН ЖЕҢІЛДІКТЕР БЕРІЛМЕЙ КЕЛГЕН

Жылдың екінші айы басталысымен №9 қалалық емхананың ұжымы наразылық білдіріп, дау шығарды. Былтыр қыркүйек айында Medical Center SHUBARU ЖШС-ның «Қызылжар» емханасына ауыстырылған мекеме ұжымының шағымы көп. Себебі Денсаулық сақтау басқармасы осынау емхананы сенімгерлікке, яғни жекеменшікке өткізгенде барлық үстемекі мен жеңілдіктердің, қызметкерлердің орны сақталатынын айтқан. Алайда берілген үделер өз кезінде қалып отырғанын айтып, ашыңды мұндағы ұжым. Үстемекі мүлдем төленбей, МӘМС тарапынан берілетін еңбекақы кешіктірілген. Сонымен қатар бөлімшелерді аралағаны үшін берілетін жол ақылары да сағымға айналған. Одан бөлек, штат санының аздығына орай медицина қызметкерлеріне жүктеме көбейіп кеткен. Осының барлығы да бірнеше айдан бері қайталанып, шыдамы таусылған ұжым қызметкерлері ақыры айқай шығарды.

Қызметкерлер наразылық таныта бастаған соң «Nur Otan» партиясының Шымкент қалалық филиалы «Ұлт денсаулығы» мәселелері жөніндегі аймақтық қоғамдық кеңесі жағдаймен танысып, мақсатты мақсатқа мекемеге барып, мәселенің шешімін табуына ықпал етті. «Денсаулық сақтау басқармасы тарапынан №9 емхана ұжымы талапқа сай емес ғимаратқа көшірілген. Сонымен бірге, үде етілген үстемекілер да төленбеген. Кеңес күшкері жедел көшпелі жиын ұйымдастырып, жұмыс беруші мен жұмысшының кәсіподақ арқылы мәмілеге келуіне ықпал еттік. Сөйтіп, келісімшарттарына өзгеріс енгізілді, — дейді кеңес төрағасы Есенбек Серкебаев.

Айта кетейік, №9 емхана қызметкерлері былтыр да мекеме басшылығы мен жергілікті билік тарапынан болған келенсіздіктерге қайта-қайта шағымданған болатын.

АЛМАТЫЛЫҚ КОМПАНИЯ ҰТЫП АЛҒАН

Дәл осыған ұқсас шағым №2 қалалық емханада да жиі бой көтеріп келеді. Жуырда емхана қызметкерлері мен науқастар ғимаратқа кіре алмай, таңғы салқында далада тұрып қалды. Осындай 3 ай бұрын да қызметкерлер жұмыс істейтін мекемеге кіре алмай, қақпа алдында қаң-



тарылып қалған-ды. Себебі ғимарат иесі аяқасты нысанды босатуы талап еткен. Ендеше жекеменшік иесі неге аяқасты бұл қадамға барды? Бұл жағдай неге қайталан береді? Жергілікті билік, Денсаулық сақтау басқармасы мәселенің оң шешілуіне неге мүдделі емес?

Мұнда да проблема мекеменің сенімгерлікке берілу кезеңінен басталған екен. №2 қалалық емхана қызметкерлерінің айтуынша, соңғы бес жылда үшінші мәрте ғимарат ауыстырыпты. Мұның алдындағы ғимарат тозып тұрса да провизорлық стационарға берілгендіктен бұлар осында көшіп келген. Абай даңғылы №35 үйдегі емхана ғимараты қазір қанырап бос тұр екен. Алайда оған күрделі жөндеу жүргізілмесе, өте ескі, бару мүмкін емес дейді бас дәрігер. Бүгінгі отырған ғимараттарын жалға алыпты. «Мұнда көшіп келген бас дәрігер басқа кісі болған. Қандай келісімдер болғанын білмеймін. Бірақ мен мемлекеттік мекеме болған соң ай сайын газ мен электр энергиясына, суына аренда есебінен коммуналдық төлемдер төлеп отырмын. Осы шығындар үшін айына орта есеппен 1,5 миллион теңге мөлшерінде төлейміз» дейді бас дәрігер Нұрбике Адембаева.

Ал ғимаратқа иелік ететін компания, яғни BAIR GROUP ЖШС-ның директоры Қаныбек Қанатбекұлы емхана екі жылға жұмыс ақысын төлемей жұмыс істеп келе жатқанын, тіпті біраз уақыттан бері емдеу мекемесінен коммуналдық қызметтер де алынбағанын айтады. Соның салдарынан ғимарат есігін жабуға мәжбүр болған. «Пандемия басталғанға дейін біз осы жерден жеке медициналық орталық ашуды ұйғарып, ғимаратқа жөндеу жұмыстарын жүргіздік. Бізге қала әкімдігінен мамандар мен қалалық Денсаулық сақтау басқармасының басшысы келіп, осы жерден провизорлық стационар ашуды ұсынғанымен оған қарсы болдық. Одан соң стацияларды №2 емханадан ашып, оларды бізге көшірді. Сенімгерлік басқаруға беру туралы ұсыныс та айтқан. Әу бастан

медициналық орталық ашамыз деп отырғандықтан бізге бұл ұсыныс сәйкес келіп, келісім бердік. Алайда өткен жылы емхананы сенімгерлік басқаруға беруге жарияланған конкурсты алматылық компания жеңіп кетті. Сондықтан біз ғимаратты босату туралы қайта-қайта ескеріп жатырмыз. Алайда ешқандай шара қолданылмай келеді», — деп атап өтті компания басшысы.

Сонымен, бұл емхана Шымкентте ешқандай ғимараты жоқ алматылық компанияға сенімгерлікке берілген болып тұр. Қалалық Денсаулық сақтау басқармасы берген мәліметке сүйенсек, емхананың бұрынғы ғимараттары 100 пайызға тозығы жеткен және жабықтардың 80 пайызға жуығы ескірген. Сондықтан Шымкент қаласының әкімдігі емхананы соңғы үлгідегі диагностикалық және функционалды медициналық құрылыстармен жабдықтау қажеттілігін ескере отырып, қолда ныс тағы заннамаға сәйкес 15 жылға сатып алу құқығынсыз сенімгерлік басқаруға беру үшін конкурсты өткізген. Сенімгерлік басқаруға беру арқылы емхананың компьютерлік томографиямен, магнитті-резонансты томографиямен, флюороскопиялық аппараттармен, барлық датчигі бар ультраздыбыстық, маммографиялық аппараттармен және жоғары сапалы талдаулар жүргізуге арналған бірқатар соңғы зертханалық диагностикалық құрылымымен, жаттығу терапиясымен қамтылу мүмкіндігі бар екенін айтады. Осылайша, тендер талаптарына сай болып табылған-дықтан ойда-жоқта алматылық компания сенімгерлік басқару құқығына ие болып, жеңіп кетті. Салдары, міне. Талап бойынша сенімгерлік басқаруға алған тендер жеңімпазы бейіні мен штаттық кестесін сақтай отырып, аталған шарт бойынша барлық міндеттемені өз мойнына алуы, шарт жасалған сәттен бастап емхананың барлық міндеті сенімгер басқарушыға жүктелуі тиіс. Дегенмен алматылық компаниядан хабар жоқ.

Бас дәрігер бұл тақырып өткен аптадан бері қоғамда үлкен

пікірталас тудырып отырғанына қарамастан алматылық компанияның еш хабарсыз екенін айтып ашынды. «Сенімгерлік басқару құқығына ие болған алматылық компаниямен арада келісім жасалған жоқ. Мен қабылдау-тапсыру актісіне қол қоймадым. Себебі олар маған нақты қайда баратынымызды, қай ғимаратқа көшетінімізді айтып, ұсынбай отыр. Егер бізге «мына жерге орналасамыз» деп ашығын айтса, мен келісемін ғой. Қол қойып берсем мына жерден шығып кетуімді керек. Біз қайда барамыз? Мұнда бекітілген 60 мыңға жуық халық медициналық көмексіз, қызметкерлер жұмыссыз қалады емес пе? Егер ондай жауапсыз болса мұндай компанияның бізге не керегі бар? Өзімізді жеке қалдырсың», — дейді Нұрбике Абдрасылқызы.

БАС ДӘРІГЕР ЖҰМЫСТАН КЕТЕ МЕ?

Бір қызығы, осы жағдайдан кейін Денсаулық сақтау басқармасының басшылығы тарапынан бас дәрігермен еңбек шартын бұзу туралы бақылау комиссиясына ұсыныс түскен. Енді бұл жағдай бақылау комиссиясының шешімімен реттеле жатар. Алайда бізді жергілікті билік те, басқарма да қараша айынан бері мұны неге реттемей отырғаны тандандырып отыр. Тіпті, екінші рет қайталанған оқиға орнына біліктен не болмаса басқармалдан аяқ басқан жан болмады. Ал «Nur Otan» партиясының Шымкент қалалық филиалы «Ұлт денсаулығы» мәселелері жөніндегі аймақтық қоғамдық кеңесі әдеттегіше оқиға орнына көшпелі жиын ұйымдастырып, тікелей бақылауына алатынын айтады. «Ешқандай ғимараты жоқ алматылық компанияның ұтып алғаны жұмбақ. 2021 жылы қараша айында өткен мемлекеттік сатып алуға сенімгерлік басқарушы Алматы қаласының АУНАЛ ЖШС ұтып алған. Алайда алматылық компанияның Шымкент қаласында ғимараты болмағандықтан мұндағылар арада 4 ай өтсе де, нақты қайда көшетінін білмей отыр. Мұны Денсаулық сақтау басқармасы жуық арада шешімін тауып, ретке келтіруі тиіс. Қала әкімінің бірінші орынбасары Шыңғыс Мұқанға да қоғамдық кеңестің алаңдаушылық білдіріп отырғаны жөнінде хат жолдалық» дейді кеңес төрағасы Есенбек Серкебаев.

Осылайша, бір аптаның ішінде шымкенттік сенімгерлік басқаруға берілген екі емханада дау туып жатса да, былк етер билік жоқ. Ал басқарма басшысы кезекті еңбек демалысында.

Назгүл НАЗАРБЕК,
Шымкент қаласы



Жібек – Қазақстанның абсолютті чемпионы

Елордада теннистерлер мен әйелдер арасында ҚР қысқы чемпионаты мәреге жетті.

Қазақстан теннис федерациясы мәлім еткендей, әйелдер арасында жарыстың бірінші және екінші ракеткалары Жібек Құламбаева мен Гөзал Айнитдинова финалда бас жүлдені сарапқа салды. Тартысты өткен бәсекеде Құламбаева 6:3, 7:5 есебімен жеңіске жетті.

Жібек жұптық сында да озық шықты. Ол Екатерина Дмитриченкомен бірге финалда аса тартысты матчта Аружан Сағындықова мен Софья Чурсинадан басым түсті – 4:6, 6:3, 10:7. Осылайша, Жібек Құламбаева абсолютті чемпион атанды.

Жекелей сында қола жүлде үшін бәсекеде Аружан Сағындықова Е.Дмитриченконы 6:4, 7:6 (7:4) есебімен жеңді.

Ерлер арасында Ақтау қаласының түлегі Бейбіт Жукаевтың бағы жанды. Ол сағат жарымға созылған финалдық ойында алматылық Денис Евсеевтен айласын асырды – 7:6 (7:3), 6:2. Сөйтіп, 21 жастағы Жукаев алғаш рет ел біріншілігінің жеңімпазы атанды.

Тимур Хабибуллинді 6:1, 6:3 есебімен жеңген Григорий Ломакин қола жүлдеге ие болды.

Жұптық сында Денис Евсеев пен Григорий Ломакин жеңімпаз атанса, Бейбіт Жукаев пен Тимур Мәуленовекіші, Алексей Кедрюк пен Достанбек Ташболатов үшінші орынға көтерілді.

Әбілмансұр ЖАСАН

Әлімханұлы төртінші орында



Бүкіләлемдік бокс кеңесі (WBC) барлық салмақ дәрежесіндегі боксшылардың рейтингін жаңартты.

Әлем боксшыларымен қатар қазақстандық былғары қолғап шеберлерінің де рейтингтегі орны

белгілі болды. Аса ауыр салмақта өнер көрсететін Жан Косубуцкий 19-орын сақтап қалды. Бірінші ауыр салмақтағы Қамшыбек Қонқабаев 32-сатыда тұр.

Екінші орта салмақтағы Айдос Ербосынұлы мен Әли Ахмедов сәйкесінше 17 және 21-қатарға жайғасқан.

Жәнібек Әлімханұлы орта салмақтағы рейтингте төртінші орында тұр, ал Мейірім Нұрсұлтанов 17-сатыдан 10-орынға көтерілді. Ал бірінші орта салмақтағы Садриддин Ахмедов 20-қатарда тұр.

Жартылай орта салмақтағы Данияр Елеусинов үш саты жоғалтып, 23-орынға сырғыса, Талғат Шайкын 37-сатыда келеді.

Бірінші жартылай орта салмақта Батыр Жүкембаев 22-орында, ал Руслан Мадиев 39-қатарда тұр.

А.ЖАСАНҰЛЫ

Бір өзі 4 алтын медаль еншіледі

Бейжің қаласында өтіп жатқан қысқы Олимпиада ойындарында норвегиялық биатлоншы бір өзі төрт алтын медаль жеңіп алды.

Норвегиялық биатлоншы Йоханнес Бе Қытай астанасы Бейжіңдегі Олимпиадада масс-старт жарысында топ жарды. Ол 15 шақырымды 38 минут, 14,14 секундта жүгіріп өтті.

Бұл оның Бейжің Олимпиада ойындарындағы төртінші алтын медалі. Ол осыған дейін аралас эстафета, спринт және жекелей жарыста бас жүлдені жеңіп алған болатын. Сондай-ақ осыдан тура 4 жыл бұрын Пхенчхан Олимпиада-

сында да биатлоннан 20 шақырымдық жекелей сында топ жарып, тағы да чемпион атанған еді. Осылайша, ол қысқы Олимпиада ойындарының 5 дүркін чемпионы деген атаққа қол жеткізді. Бес алтыннан бөлек, қоржында Олимпиада ойындарының 2 күміс, 1 қола медалі бар.

Тағы бір айта кетерлігі, Йоханнес Бенің Тарджей есімді туған інісі де Олимпиада ойындарында сыңға түсіп жатыр. Оның еншісінде 3 алтын, 2 күміс, 1 қола медаль бар. Осылайша, бір отбасының мүшелері Олимпиада ойындарының 14 медалін еншілеген.

А.ЖАСАНҰЛЫ

Аналар берілген үйге риза емес

Шығыс Қазақстан облысының Зайсан ауданында «Бірқабатты Шығыс» өңірлік бағдарламасымен бой көтерген жаңа үйлердің сапасы сын көтермейді. Бірқабатты үйлерге былтыр жыл соңында ғана кірген көпбалалы аналар баспаналарының терезелері мен бұрыштарының көгеріп, дымқылдануына, төбеден тамшыағуына, пәтер қабырғаларының жарылып кетуіне шағымданып отыр.

Зайсан қаласындағы екі ықшамауданда салынған жеруілерде тұратын көпбалалы аналардың жанайқайын қоғам белсендісі Еркебұлан Зағыпаров өзінің әлеуметтік желідегі парақшасы арқылы жеткізген болатын. «Шағымданған көпбалалы аналардың үйіне арнайы кірдім, үй іші көк сасыған, төбеден тамшылаған су, жарылып сызат түскен қабырғалар. Кіреберіс есіктердің маңына көктің бойлағаны соншалық, ас бөлмедегі ылдас аяқ пен азық-түлік қоятын шафтардың ішіне дейін көгеріп кеткен. Бәрінен де омыраудағы шақалақ сөбілері мен балаларына аландаған аналар ертең өкпелері қабына ма деп шошып отыр. Күнде терезе ашып, көгерген жерлерді қырып, су болған төбе мен линолеум астын сүртіп, әлек екен» деп жазған еді ол.

Оның бұл сөзін тұрғындар да растап отыр. Былтыр 16 желтоқсанда, яғни Тәуелсіздік күнінде жана үй алып, қоныс-тобын тойлағандардың бірі – «Күміс алқа» иегері, алты баланың анасы Арай Смағұлова. 2019 жылы үй кезегіне жазылған көпбалалы ана Шевченко ықшамауданы Бұқар жырау көшесінде тұрады. «Күн суық кезде үйге кіргендіктен бе, үйдің қабырғалары көгеріп, төбеден тамшы тамды. Қазір кішкене басылғандай болды. Мәселе әлеуметтік желіде көтерілгеннен кейін мердігерлер келіп, төбеге минералды мақта салып берді. Оған дейін қандай айтсақ та ешкім ештеңе істемеген еді. Біздің үйде ас бөлмесі мен залдың бұрышы көгерген болатын. Соның кесірінен үсті-басымыздан көктің иісі шығып, есіміз шықты. Негізі, үйіміз жылы. Көршім де «үйімің іші көгерді» деп отыр. Мердігерлер «Көктемде тағы да жөндеп береміз» деп уәде беріп кетті», – дейді ол.



Ал Нұргүл есімді көпбалалы ана үйінің жатын бөлмесінің қабырғасына сызат түскенін, мердігерлер жақында жөндеп бергенін айтады.

Зайсан ауданы әкімінің құрылыс мәселелері бойынша орынбасары Серік Тілемісовке хабарласып, мән-жайды білдік. «Мұндай мәселе 2020 жылы салынған үйлерде де болды. Кейбір үйлерде бір жылдай терезенің маңы көгеріп, бүршіктер жиналды. Үйдің қабырғалары кепкеннен кейін кетіп қалды. 2021 жылы салынған үйлерде де осыған ұқсас жағдай. Әрине, барлық үйде емес. Былтыр бой көтерген 60-қа жуық үйдің алтауында осындай олқылық болған шығар. Мұның себебі, үйлердің толық кеппегенінен деп ойлаймын. Егер үйдің қабырғасын бір жыл көтеріп, асықпай кептіріп, келесі жылы сылақ жұмыстарын жүргізсе, балкім бұлай болмас па еді?!» деген әкім орынбасары «Бірқабатты Шығыс» бағдарламасы аясында 2020 жылы 36 пәтерлі 18 үй, 2021 жылы 62 пәтерлі 31 үй көпбалалы аналарға салынғанын жеткізді.

Екі пәтерлі үйдің көлемі – 200 шаршы метр, 100 шаршы метрдің бағасы – 14 миллион теңге. Бірқабатты үйдің құрылысына 2020 жылы – 4, 2021 жылы 5 мердігер қатысыпты.

Қазір сапасыз салынған осы үйлерге қатысты «Үйді қабылдап алған комиссия

мүшелері қайда қараған? Олқылықтар неге дер кезінде жөнделмеген?» деген пікірлер де айтылуда. «Мердігер тұрғын үйді өз қаражаты есебінен салады. Мемлекет дайын үйлерді сатып алады. Техникалық қадағалау, авторлық қадағалау, нысанды салған мердігер осы үшеуі қол қойып, үйлерді қабылдап алады. Көп адам осыны дұрыс түсінбей жүр. Қазір бұрынғыдай әкімдік қызметкерлері қабылдамайды. Үйді салған мердігерлердің кепілдік мерзімі бар. Олқылықтар болса, жөндеп береді» деп түсіндірді Зайсан ауданы әкімінің құрылыс мәселелері бойынша орынбасары Серік Тілемісов.

Бұл «Бірқабатты Шығыс» бағдарламасы аясында салынған үйлерде болған алғашқы шетін жағдай емес. Былтыр Күршім ауданында осы бағдарламамен салынған үйлердің бірінші астынан су шығып, жылу пеші жарылған болатын.

Айта кетейік, бұған дейін облыста «Бірқабатты Шығыс» өңірлік бағдарламасы шеңберінде жеке инвесторлар 16 млрд теңгеге 735 бірқабатты үй (1 238 пәтер) салған.

Азамат ҚАСЫМ,
Шығыс Қазақстан облысы

Обырға шалдыққан бала көбейді

Қатерлі ісік – ел атын атауға қорқатын дерттің бірі. Денсаулық сақтау саласы үшін де мәселеге айналған ауру. Обыр бойынша диспансерлік есепте тұрған адамның саны елде 100 мыңдап (2021 жылы 180 мыңнан аса) саналады. Енді бұл ауру ересектерді қойып, балалардың арасынан жиі анықталатын болды.

Мадияр ТӨЛЕУ

САНДАР АДАМ ШОШЫТАДЫ

Қазақстанда жыл сайын орта есеппен 14 жасқа дейінгі 400-ден астам бала қатерлі ісікке шалдығады екен. Жағдай жақсы емес, оның үстіне соңғы уақытта бұл көрсеткіш өсіп бара жатыр. Мәселен, 2021 жылы бұл қорқынышты диагноз 591 баладан табылған. Оның 40 пайызынан «ақ қан» белгісі шыққан. Шамаласак 600-дің айналасына жуықтап тұр. Әр жыл сайын 124 бала дертін жеңе алмай, көз жұмады. Негізі, ауру анықталғаннан кейін 90 пайызында айығуға мүмкіндік болады. Соңғы бесжылдықтың көлемінде балалар ойырына қатысты статистика шошытып жүр. 2018 жылы 610 бүлдіршіннен қатерлі ісік табылғанда жағамызды ұстағанбыз.

Денсаулық сақтау министрлігі Қазақстанда соңғы 7 жылда балалардың қатерлі ісікке шалдығу деңгейі тұрақты деген пікірде. Жағдайы ақтағысы келе ме, әйтеуір біздің көрсеткіш салыстырмалы түрде басқа елдерден төмен екенін алға тартады. Қазақстанда 100 мың балада 14-15 жағдай тіркеледі. Көрші Ресейде 100 мыңға шаққанда 19 жағдай. Аса бір үлкен айырмашылық жоқ. Келешекте бейжай қарайтын болсақ, асып түсуіміз де мүмкін. Осы күні елімізде әртүрлі онкологиялық және гематология-



лық ауруға шалдыққан әртүрлі маман үнемі бақылап отыратын 4 621 бала бар. Әсіресе, Алматының үлесі тым басым, обыр дертімен есепте 2 300 бала тұр. Жыл басталмай жатып-ақ Нұр-Сұлтан қаласының Денсаулық сақтау басқармасы бүлдіршіндердің қатерлі ісігі белен алып тұрғанын жария етті. Өйткені елордада жыл сайын 38 баладан осы дерт анықталады.

Бұл ауруға шалдыққан балаларды емдеумен 2013 жылдан бері екі республикалық клиника айналысады. Олар – Алматы қаласындағы Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығы мен астандағы University Medical Center ұжымдық қоры. Бұдан басқа, көпбейінді облыстық балалар стационарларының базасында онкологиялық және гематологиялық бейіндегі науқастарға арналған бөлімшелер бар. Қазақ онкология және радиология ғылыми-зерттеу институты да дертті анықтап, ем тағайындауға күш салып жүр. Институтта әр пациент 1,5 ай келемінде ем қабылдайды. Ол үшін әлемде санаулы данасы бар томотерапия жасайтын құрылыс қолданылады. Кейін бала оналса да 5 жыл бойы дәрігер бақылауында жүруге мәжбүр. Жылына тек осы мекемеде 2 мыңнан астам жеткіншек химия және сәулелі терапиядан өтеді. 18 жасқа дейінгілердің ең

көп шалдығатыны – гемобластоз бен миелдың қатерлі ісігі. Жиі қойылатын диагноз қатарында бүйрек пен сүйектің де қатерлі ісігі тіркелген. Біз сөйлескен Қазақ онкология және радиология ҒЗИ-дің басқарма төрайымы Диляра Қайдарова осыны айтып отыр.

Тағайындалған ем-дом шаралары заманауи құрал-жабдықпен жасалса да ауыр өтеді. Осы жайт ата-аналардың жанына батады. Ең әуелі балаларда қатерлі ісіктің бар-жоғын ерте анықтау бәрінен маңызды. Әрбір ата-ана ай сайын перзентін емханаға апарып, скрининг жасатуы қажет. Сонда ертерек дерттің алдын алуға болар еді. Қай ауруды аласыз да уақыт рөл ойнайды, – деді Қайдарова.

СЕБЕП САН ТҮРЛІ.

ДӘРІГЕР ТАПШЫ

Кейде баланың әлсірегенін, денесінің себепсіз сәл көгеріп, іскенін ұсақ нәрсеге балап, көңіл бөлмей кететін кездер бары жасырын емес. Онкологтер осындай ұсақ нәрсені де ескеру қажетін жиі айтып жүр. Тексеруге апарған күннің өзінде білікті маман бар ма? Денсаулық сақтау министрлігі республикада барлығы 81 балалар онкологі бар екенін жеткізді. Оның біразы елорда мен Алматы секілді үлкен қалаларда жиналған болса, өзге облыстарда бар болғаны 2-3

мамандан жүруі мүмкін. Бұдан да басқа мәселе көп. Мысалы, елдегі мамандар балалар обырғы көбеюінің нақты бір себебін деп басып айта алмай отыр. Әрине, жорамалдар жетерлік. Экология, жүкті кезінде әйелдің депрессияға түсуі, туа бітті деген сияқты себептерді тізе беруге болады. Алайда ауруда қай себептің үлесі қанша пайыз? Жауап жоқ. Осы тұста балалар онкологі Жарылқасын Амантаевтың пікірін сұраған едік.

– Ересек адамның өзінен осы диагноз анықталса, дәрігерге науқас пен оның жақындырына жағдайды айту ауыр болады. Ал ауру баланың бойынан шыққан кездегі халімізді бағамдай беріңіз. Қиын екенін жеткізе алмаймыз. Ата-анасына айту бір бөлек, балаға жағдайды түсіндіре алмайсыз. Сөйлесу қиын, көп бүлдіршін дертті жеңгісі келмейді. Енді себебіне келейік. Түрлі дәйекті алға тартамыз, бірақ маман ретінде «басты себебі мынау» деп деп баса алмаймыз. Шынымен, көбіне туғаннан пайда болады. Расын айтпайық, бұл дерт балалар арасында бұрыннан көп. Алайда анықталмай қалатын. Себебі диагностика жағы әлсіз болды. Беріге дейін кейбір аудандарда УЗИ аппаратының өзі тапшы болған. Сондықтан ауру көбейген жоқ, анықталғандары көбейді деген шын шығар, – дейді маман.

Түйін:

Елде балаларда қатерлі ісікті 1, II сатысында анықтау деңгейі 2015 жылы 29 пайыз болған. Былтыр бұл көрсеткіш 52 пайызға жетті. Демек, әлі де дамытуға қажет етеді. Дерттің дер кезінде анықталғаны жақсы. Кейін сауығу да оң әсерін тигізеді. Әйтеуір елде бұл аурумен күресте қолайлы жағдай жасалған десе болады. Емдеу шараларының барлық түрі балалар үшін тегін.

NJM
NUR MEDIA

AIQYN

Меншік иесі –
«Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Бақытжан ТҰРАЛЫБЕКОВ

Бас редактор –

Нұрмұхамед БАЙҒАРА

Амангелді ҚҰРМЕТ –

Бас редактордың

бірінші орынбасары

Гүлзина БЕКТАС –

шығарушы редактор

Асқар БЕК –

веб-сайт редакторы

Елдар ҚАБА –

секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ПІАШЛАЕР:

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –

Ақмола облысы

Нұрболат АДЫРБЕК –

Алматы қаласы

Тұрсын ЖҰМБАЕКҚЫЗЫ –

Атырау облысы

Саятхан САТБАҒАН –

Жамбыл облысы

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –

Қарағанды облысы

Назғұла НАЗАРБЕК –

Шымкент қаласы

Роза ШӘКЕН –

Солтүстік Қазақстан облысы

Азамат ҚАСЫМ –

Шығыс Қазақстан облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,

мекемелер үшін – 15102

Зейнеткерлер,

соғыс ардагерлері үшін – 55102

Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

8(771) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31

reklama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:

8(777) 573 96 16

podpiska.alt@gmail.com

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4077

Алматы қ. «Дәуір» Ш.Қалдаяқов көшесі, 17-үй

Нұр-Сұлтан қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77

Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС, Әмітқұлов көшесі 22,

тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114

Газет аптасына 4 рет шығады